



АЛАТАУ АРАЙЫ

Газет тарихы 1918 жылдың маусым айынан басталады



Alatau_arayy@mail.ru
www.alatauarayy.kz

АЛМАТЫ ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ЭЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ГАЗЕТ


№ 51 (500) // 16 мамыр // сенбі // 2026 жыл

Тазалық – мәдениеттің көрсеткіші 2 бет



«Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында өңірде абаттандыру қағидаларын сақтау, тазалықты қамтамасыз ету және құқықбұзушылықтардың алдын алу бағытында тұрақты түрде кешенді шаралар қабылдануда. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар орталығында өткен баспасөз мәслихатында мәлім етілді.

Интернеттегі иллюзия 3 бет



Бүгінде интернет-алаяқтық ең қауіпті қылмыстардың біріне айналды. Өйткені алаяқтың бет-бейнесі жоқ. Көзбе-көз, сөзбе-сөз кездеспеген соң да жылы сөйлеп, сенімге кіреді, жалған пікір жазады, қолдан парақша жасайды. Ал алаяқтар жалған аккаунт, бөтен карта, уақытша нөмір арқылы жұмыс істейтіндіктен, оларды табу ұзаққа созылады, тіпті табылмайды да.

АУЫЛДЫ КӨРКЕЙТУ АРМАНЫ ЕДІ



Қазақтың тұңғыш Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіровке – 75 жыл!

Қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіровтің туғанына 75 жыл толды. Даңқты спортшының өмірі өнегеге толы, табандылығы, намысқойлығы, ұлтжандылығы жастарға үлгі болды. Спорттағы мансабын аяқтағаннан кейін ғибратты ғұмыр кешті. Жамбыл облысының Байзақ ауданы Тегістік ауылында дүниеге келген оның өмірінің соңғы кезеңі Алматы облысымен тығыз байланыста өтті.

Коллажты жасаған – Әліби ІБЕКЕНОВ


5-бетте

Ұлттың жоғын түгендеген ұста 4 бет



Қазақтың рухани мұрасы тек архивтер мен көне кітаптарда ғана сақталмайды. Ол халықтың күнделікті тұрмысында, ұста соққан темірде, зергер қашаған күмісте, қобыз бен домбыраның үнінде, бесіктің иісінде елмен бірге өмір сүреді. Ұлттың ұмыт бола бастаған осынау асыл қазынасын қайта тірілтіп, дәстүрлі қолөнерге жан бітірген санаулы тұлғалардың бірі – ұста Дәркембай Шоқпарұлы еді.

Қонаевта Жастар театры ашылды 8 бет



Қонаевта мәдени өмір тағы бір жарқын оқиғамен толықты. Қонаев қалалық Мәдениет үйінде Жастар театрының тұсауы кесілді. Жаңа өнер ұжымы тұңғыш рет көрерменге қазақ поэзиясының мұзбалағы Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына арналған автобиографиялық спектакльді тарту етті.

ИНВЕСТИЦИЯ

ДӘРІ-ДӘРМЕК ӨНДІРІСІ АРТАДЫ



Облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев пен «Абди Ибрахим Глобал Фарм» ЖШС директоры Шен Яшар өзара ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойды. Келісім Астана қаласында өткен «Қазақстан – Түркия» бизнес-форумы аясында жасалды. Келіссөз негізінде аталған фармацевтикалық зауытты кеңейту үшін қажетті іс-шаралар айқындалды.

Гүлзат БАЙҚОНЫС

Дәрі-дәрмек пен медициналық бұйымдарды өндіретін түркиялық компания Іле ауданында орналасқан. Зауытта жылына 24 млн дана дәрі-дәрмек өндіріледі. Қазірдің өзінде 250 адам тұрақты жұмыс істеуде. Келісім

барысында жобаны одан әрі дамыту мәселесі пысықталды. Яғни 2026-2032 жылдар аралығындағы инвестиция көлемі кемінде 39 млрд теңге болады деп жоспарланған. Оның ішінде, 8,85 млрд теңге қатты дәрі-дәрмек өндірісін жаңғыртуға, 30,15 млрд теңге инновациялық биотехнологиялық дәрілерді шығаратын модульдік блок құрылысына

жұмсалады. Жылына 300 млн қатты және 1,5 млн биотехнологиялық дәрі өндірілмек. Бұл онкология, аутоиммундық, жүрек-қантамыр, сирек және психоневрологиялық ауруларды емдеуге көмектеседі.

Жоба ұзақ мерзімді инвестиция тартуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға, ғылыми-технологиялық құрылыстарды дамытып, мамандардың біліктілігін арттыруға, әлеуметтік маңызы бар дәрілерді жергілікті жерде өндіруге, импортқа тәуелділікті азайтып, экспорт әлеуетін арттыруға оң ықпал етеді деп күтілуде.

2022-2026 жылдар аралығында Алматы облысы мен Түркия елі арасында 53 кездесу өткізілген. Нәтижесінде логистика, тұрмыстық техника өндірісі, кондитерлік және фармацевтикалық өнім өндіру салалары бойынша құны 97,9 млрд теңге болатын 5 жоба іске асырылып, 2 500-ге жуық жаңа жұмыс орны ашылды. Олардың қатарында «Kucukler Holding», «Якар», «Хамле Компани ЛТД», «СП Кока-Кола Алматы Боттлерс» сияқты ірі компаниялар бар. Сондай-ақ «MES Story Invest» ЖШС-мен бірлескен жоба іске асырылуы жөнінде Алматы облысы мен Түркия Республикасы арасындағы тауар айналымы 230,8 млн АҚШ долларына жетті. Импорт көлемі 222,8 млн АҚШ долларын, ал экспорт 7,9 млн АҚШ долларын құраған. Жаңа келісім бұл көрсеткішті одан әрі арттырып, өнірдегі фармацевтика саласын дамытуға ықпал етеді.

БАСПАСӨЗ – 2026

Еліміздің «Қазпошта» бөлімшелерінде 2026 жылға газетке жазылу науқаны жалғасуда. Газетімізге «Каспі» қосымшасы арқылы да жазылуға мүмкіндік бар.

Баспасөзге жазылуға қатысты сұрақтар бойынша мына нөмірлерге хабарласыңыз: **87476881741, 87082109571**
«АЛАТАУ АРАЙЫ» газеті редакциясының мекенжайы: Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1. 3-қабат.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Жақсы сөз, шуақты ой – жолдағаны, тілсіз бай, қазынасы мол бағалы. «Алатау арайына» жазылыңыз, Ұлтқа деген шын құрмет сол болады!

Жазылушылар	Индексі	6 айға		7 айға	
		қала	ауыл	қала	ауыл
Жалпы жеке жазылу	64792	5742,72	5742,72	6699,84	6699,84
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	14792	10614,24	7326,72	12383,28	8547,84
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	54792	5382,72	5382,72	6279,84	6279,84

ЭЛЕКТРОНДЫ ФОРМАТТА ЖАЗЫЛУ: (6 немесе 12 айға)

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	3500	7000
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	5000	10000
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	2500	5000

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП БАЛАМА ЖАЗЫЛУ: (6 немесе 12 айға)

Жазылушылар	6 айға	12 айға
Жалпы жеке жазылу	4000	8000
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін (заңды тұлғалар, бюджеттік мекемелер және басқалар)	6000	12000
Соғыс ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектерге және көпбалалы отбасыларға жеңілдікпен	2500	5000

Газетке жазылу науқаны жыл бойы жалғаса береді.



● МӘСЛИХАТ

МАҢЫЗДЫ ШЕШІМ ҚАБЫЛДАНЫ

Әкімдіктің мәжіліс залында облыстық мәслихаттың кезекті сессия отырысы өтті. Жиынға облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев, құқық қорғау органдары мен облыстық департамент, басқарма басшылары, онлайн режимде аудан және қала әкімдері, мәслихат төрағалары қатысты.

● Гүлзат БАЙҚОНЫС

Сессия барысында облыстың өткен жылға арналған бюджетінің игерілуі, құрылыс және денсаулық салаларын дамыту жоспары, 2026-2028 жылдарға арналған облыстық бюджет шешіміне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар, «Шелек» индустриялық аймағының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салу, Алматы облысының өңірлік нышанын бекіту және өзге де тақырыптар талқыланды.

Облыстық қаржы басқармасының басшысы Бибігүл Ұзақованың айтуынша, 2025 жылы облыс бюджетіне 954,1 млрд теңге кіріс түсіп, жоспар 99,2%-ға орындалған. Оның ішінде салық түсімдері 147,3 млрд теңгеге жетіп, жоспар 3,8 млрд теңгеге артығымен іске асты. Бірқатар инвестициялық жоба бойынша қаржыландыру тапшылығы бар екені де айтылды. Өңірде 42 инвестициялық жоба бойынша қаражат жеткіліксіздігі байқалауда. Басқарма басшысы апта сайын мониторинг жүргізілетінін, бюджеттік бағдарламалардың орындалуы мен төлемдердің уақытылы жүзеге асырылуы бақылауда екенін жеткізді.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Ержан Әбілкасымовтың айтуынша, былтыр бұл салаға 19,9 млрд теңге бөлініп, қаражат 99,9%-ға игерілген. «Өткен жылы денсаулық сақтау саласындағы бюджеттік бағдарламалар жоғары деңгейде орындалды. Мамандар біліктілігін арттыру, инфрақұрылымды жаңғырту жұмыстары жүйелі жүргізілді. Ал биыл денсаулық сақтау жүйесін цифрландыруға ерекше көңіл бөлінді. Алдағы маусым айында Нарынқол ауылында жаңа емхана пайдалануға беріледі. Қазіргі таңда Ұйғыр және Қарасай аудандарындағы медициналық нысандарда күрделі жөндеу жұмысы жүргізілуде. Сондай-ақ биыл 2,9 млрд

● БРИФИНГ

Тазалық – мәдениеттің көрсеткіші

«Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында өңірде абаттандыру қағидаларын сақтау, тазалықты қамтамасыз ету және құқықбұзушылықтардың алдын алу бағытында тұрақты түрде кешенді шаралар қабылданды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар орталығында өткен баспасөз мәслихатында мәлім етілді.

● Ерзат АСЫЛ

Алғашқы болып сөз бастаған облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Төлеген Кенжебеков ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен жүзеге асып жатқан «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бағдарламасының бүгінде қоғамдық сипат алып, барша қазақстандықты бір максатқа біріктіргенін жеткізді.

Келесі кезекте сөз алған полиция департаментінің қоғамдық қауіпсіздік басқармасы бастығының орынбасары Рахым Асанханұлы аталған бағдарлама аясында қоғамдық жұмыстар ғана атқарылып қоймай, экологияны қорғауға негізделген заң талаптары да күш алғанын айтты.

– Атап айтқанда, заңсыз қоқыс полигондары, рұқсат етілмеген жерге тасталған қалдықтар бойынша құзырлы органдардың қызметкерлері тексеру жұмыстарын жүргізіп, тиісті шаралар қабылданды. Биыл «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында еріктілерді, қоғам белсенділерін, бюджеттік ұйым қызметкерлерін және кәсіпкерлерді тарта отырып, барлығы 30 мобильдік топ құрылды. Оның ішінде 10 топ табиғатты қорғау органдары қызметкерлерімен жасақталды. Аталған іске 338 қызметкер жұмылдырылып, абаттандыру қағидаларын бұзу фактілерін анықтау және жолын кесу бағытында нақты нәтижелерге қол жеткізілді. Жыл басынан бүгінгі күнге дейін 10 117-ден астам құқықбұзушылық анықталды, – деді ол.

Брифингте облыстық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және абаттандыру басқармасының басшысы Димаш Қожабеков тұрмыстық қалдықтарды қайта өңдеу ісі мен сұрыптауға және экопарктарға қатысты мәліметтерді ортаға салды. Оның айтуынша, қазіргі таңда өңір аумағында



Суреттерді түсірген – Аслан ҚАЖЕКЕ

теңге инвестицияға медициналық жабдықтар сатып алынады», – деді ол. Сессия барысында аса тапшы дәрілер бойынша бірнеше сауал қойты. Денсаулық сақтау министрлігінің бұйрығына кірмейтін дәрілер меценаттардың көмегімен сатып алынууда. Сонымен қатар ерекше қамқорлықты қажет ететін балалардың жай-күйі де талқыланды. Басқарма басшысы ерекше балалардың еміне осы жылы 58 млн қаражат бөлінгенін және медициналық қызмет сапасының жоғары екенін айтты.

Өңірде жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстары да сессия отырысының негізгі тақырыбы болды. Облыстық құрылыс басқармасының басшысы Жасұлан Оңалбаевтың мәлімдеуінше, биыл жалпы қаражаты 79,9 млрд теңге болатын 75 нысанның құрылысы жоспарланған. «Өткен жылы халықтың әлеуметтік осал топтары мен кезекте тұрған азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 1700 тұрғын үй сатып алынды. Ал биылғы меже одан да жоғары. Жоспар бойынша, 1075,0 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі. Өткен 4 айдың қорытындысы бойынша бекітілген жоспар толығымен орындалды. Биыл жалпы сипаттағы трансфертер есебінен 246 жалдамалы тұрғын үй сатып алуға 5,3 млрд теңге қарастырылған. Одан бөлек 2000 жалдамалы және 115 неселік тұрғын үй халық игілігіне беріледі деп күтілуде», – деді басқарма басшысы.

Жиынға «Шелек» индустриялық аймағының инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымын салу жайы

да басты назарға алынды. Жоба іске асырылғаннан кейін нысан мемлекет меншігіне қабылданып, әрі қарай «Алматы облысының индустриялық аймақтарды басқарушы компаниясы» ЖШС-ның басқаруына беріледі. Жоба аясында 11 инфрақұрылым нысанын салу көзделген. Бұл өнеркәсіп, құрылыс және шекара маңы саудасы салаларында шағын және орта кәсіпкерліктің жедел дамуына жағдай жасайды. Отандық және шетелдік инвесторларды, сондай-ақ өзге де қаржы көздерін тартуға жол ашады және бәсекеге қабілетті өнім өндіруге мүмкіндік береді.

2026 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша жергілікті бюджетке 234,7 млрд теңге қаржы түсіп, кірістердің өсім қарқыны сақталған. Бұл туралы облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Асылан Ораз айтты. Қазіргі таңда бюджетке түсетін кірістерді 767 млрд теңгеге дейін ұлғайту жоспарланған отыр, ал қосымша қарастырылған қаржы көлемі 67,7 млрд теңгені құрайды. Бұл қаражат білім беру, денсаулық сақтау, жол, су, газ және тұрғын үй құрылысы сияқты негізгі әлеуметтік және инфрақұрылымды дамытуға бағытталған жобаларына жұмсалыды.

Мәслихат сессиясының соңында облыс әкімі Марат Сұлтанғазиев көтерілген мәселелер бойынша қорытынды жасап, халықтың тұрмыс жағдайын жақсарту, жаңа жұмыс орындарын ашу, инфрақұрылымды жаңғырту, сапалы білім және медициналық қызметке қолжетімділікті арттыру облыс әкімдігінің басты назарында екенін айтты.

● ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 12 мамырда «Қазақстан Республикасының орта білім беру жүйесіне жасанды интеллекттің ендіру шаралары туралы» Жарлыққа қол қойды. Осы сәттен бастап жасанды интеллект іс жүзінде оқу процесінің бір бөлігіне айналып отыр.

Білім сапасы жаңа деңгейге көтеріледі

● Алма ЕСЕНБАЙ

Осы орайда Үкімет 2026 жылғы 1 шілдеге дейін 2026-2029 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспарын бекітуі тиіс. Онда жасанды интеллекттің кеңінен енгізуге бағытталған дербес оқыту тетігі, цифрлық инфрақұрылым, педагог кадрлар даярлау, білім алушылардың дербес деректерін қорғау жайы қамтылмақ. 2026 жылғы 1 тамызға дейін пилоттық жобаны іске асыру шеңберінде тұрақты, жылдамдығы жоғары интернеттің болуын қоса алғанда, мектептердің техникалық жарактандырылуы қамтамасыз етілуі қажет. Ал облыс әкімдіктері кешенді жоспармен үйлестірілген, орта білім беру жүйесіне жасанды интеллекттің ендіру жөніндегі өңірлік жоспарларды бекітуі тиіс.

Қарқынды дамып жатқан Алматы облысы, жаңадан көркейіп келе жатқан Қонаев қаласы үшін де жасанды интеллекттің білім беру саласына енгізу – аса маңызды іс. Алматының маңындағы облысқа қарасты аудандар да қарқынды даму үстінде. Ал Алатау қаласы шын мәніндегі цифрлық қалаға айналмақ. Сол себепті де біздің аймаққа жасанды интеллекттің, қазіргі заманауи технологияның тілін білетін жастар мен білікті мамандар ауадай қажет.

Жасанды интеллекттің ауыл мектептеріне енгізілуі ауыл мен қала арасындағы алшақтықты жойып, білім беру мазмұны мен жасап артыруға мүмкіндік беретіні анық. Бұл ретте ҚР Оқу-ағарту министрлігі бірінші кезеңде пилоттық жобамен еліміздегі 2600-ден астам білім ошағы мен 500 шағын жинақталған мектепті қамтуды жоспарлап отыр. Бұған дейін «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ Алматы облысы бойынша кәсіби даму институты білім беруде жасанды интеллект пен нейрожелілерді пайдалану бойынша бірнеше рет семинарлар мен вебинарлар өткізді. Осы бағытта «Алатау хабы» белсенді жұмыс істеуде. Облыста оқытудың тиімді тәсілдері мен жаңа құралдарды қолдану жүрген көптеген ұстаз бар. Сандық платформаларды мектеп процестерін ретке келтіру тәсілі ретінде қарастыратын менеджерлердің де қатары көбеюде. Бұл, әсіресе, жас мұғалімдер үшін өте маңызды. Тәжірибелі мұғалім көбінесе сабақты қалай бастап, балаларды қалай қызықтыру, қандай сұрақ қою керекін жақсы білсе, жас маманға мұның бәрін бірден меңгеру қиын. Осы тұста AI оған әдістемелік көмекші бола алады. Демек, сабақ құрылымын, түсіндіру нұсқаларын, бекіту жаттығуларын, рефлексияға арналған сұрақтарды ұсынады.

Жасанды интеллекттің, сапалы цифрлық платформаларды және бірінші әдістемелік базаларды енгізу білім мекемелерінің заманауи материалдарға қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Басты мақсат – оқушылардың білім алуға деген қызығушылығын арттырып, оқу сапасын жоғарылату. Осы орайда мектеп балаларға жасанды интеллекттің қалай қолдануды ғана емес, оны қалай қадағалауды да үйретуі керек. Оқушылар жасанды интеллекттің қателесуі, деректерді ойлап табуы, күндерді шатастыруы, дұрыс емес жауап беруі мүмкін екенін түсінуі тиіс. Демек, болашақтың шәкірті жасанды интеллектті қолдануды ғана емес, оны қадағалап, басқаруды да білуі қажет.

Бір сөзбен айтсақ, ел Президентінің Жарлығы болашаққа үлкен мүмкіндіктер ашады. Ол арқылы білім берудің жаңа кезеңіне қадам жасалмақ.

● ОБЛЫСТЫҚ ӘКІМДІКТЕ

Құрылыс қарқын алады



Облыс әкімінің орынбасары Әсет Масабаевтың төрағалығымен Қонаев қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған кешенді жоспарын іске асыру және халықтың әлеуметтік осал топтарына тұрғын үй сатып алу мәселелері бойынша жиын өтті.

Кенеске Қонаев қаласының әкімі Асхат Бердіханов, облыстық басқарма басшылары, «Отбасы банк» АҚ, «Қонаев» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ өкілдері, мердігер ұйымдардың басшылары, сондай-ақ қала және аудан әкімдері онлайн форматта қатысты.

Қазіргі таңда облыс орталығында әлеуметтік маңызы бар 6 нысанның құрылысы жүргізілуде. Олар – департаменттер үйі, ұлттық қауіпсіздік комитетінің, облыстық соттың, полиция департаментінің, ведомстволық бағынысты органдардың және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің ғимараттары. Жиын барысында аталған нысандардағы құрылыс-монтаждау жұмыстарының орындалуы барысы, жобалардың іске асырылу деңгейі, туындаған мәселелер мен оларды шешу жолдары қаралды.

Облыстық құрылыс басқармасының басшысы Жасұлан Оңалбаевтың айтуынша, Қонаев қаласын дамытудың кешенді жоспарын іске асыру мақсатында 187 іс-шараны жүзеге асыру көзделсе, оның 161 жобасы ғимараттар салуға және инженерлік инфрақұрылымды дамытуға бағытталған. Құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін Үкімет резервінен 30 млрд теңге бөлінбек. Оның ішінде, 22,01 млрд теңге әкімшілік ғимараттарды салуға, ал 7,99 млрд теңге әкімшілік ғимараттарды сатып алуға жұмсалды. Қазіргі таңда арнайы техника мен жұмысшылар жұмылдырылып, қазаншұңқырларды қазу және құрылыс алаңдарын дайындау жұмыстары басталды.

Әсет Масабаев барлық жоба сапалы әрі уақытында іске асырылуы керекін айтып, құрылыс жұмысы тұрақты бақылауда болатынын жеткізді.

Жиын барысында халықтың әлеуметтік осал топтарын тұрғын үймен қамтамасыз ету мәселесі жан-жақты қаралды. Биыл облыста 1075,0 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріледі деп жоспарланған. Қаңтар-сәуір айларының қорытындысы бойынша оның 400,8 мың шаршы метрі халық игілігіне беріліп, жоспар 120,5%-ға орындалған.

«Аймақта халықты баспанамен қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Мәселен, былтыр 1700 пәтер сатып алынды. Оның 1499-ы жалдамалы пәтер болса, 201-і несиеге берілді. «Отбасы банк» АҚ-мен 1467 пәтер бойынша келісімге қол қойылды. Ал биыл 246 жалдамалы тұрғын үйді сатып алуға 5,3 млрд теңге қарастырылған. Сондай-ақ 2000 жалдамалы және 115 несиеге берілген тұрғын үйлерді сатып алуға қаражат бөлу мәселесі министрлік тарапынан қолдау тапты. Сондай-ақ Қонаев қаласына 420 пәтерлі жеті тұрғын үйдің құрылысын бастауға 3,0 млрд теңге және осы үйлерге арналған инженерлік желілер құрылысына 0,5 млрд теңге қаражат бөлу мәселесі де мақұлданды. Қазіргі таңда жобалық-сметалық құжаттары дайын», – деді Жасұлан Шерәліұлы.

Облыс әкімінің орынбасары тұрғын үйлердің сапасы, инфрақұрылымы және өмір сүруге қолайлы болуы басты назарда екенін айтты.



«Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бағдарламасы Райымбек ауданында айрықша серпінмен, үлкен ұйымшылдықпен жүзеге асырылуда. Табиғаты тұмса, таулары асқақ, бұлақтары мөлдір шекаралы өңір тұрғындары туған жердің тазалығы мен көркеюін ортақ міндет санап, игілікті іске белсенділікпен атсалысып келеді.

Қарағаш тұқымы себілді

● Жұмабек ТҮРДИЕВ

Биылғы тазалық, көгалдандыру-көркейту жұмыстары ауданның құрылғанына 90 жыл толу мерейтойымен тығыз байланыста жүргізілуде. Осы уақытқа дейін «90 жылдыққа – 9000 ағаш» акциясы аясында әртүрлі ағаш отырғызылды. Бұл іс әлі де жалғасуда. Аудандағы барлық ауылдық округте сенбіліктер ұйымдастырылып, көшелер мен арық-атыздар тазартылды. Саябақтар мен демалыс орындары ретке келтіріліп, 230 тонна күл-коқыс пен қатты қалдықтар сыртқа шығарылды.

Осы аптаның бейсенбісі күні ұйымдастырылған шараның маңызы тіпті бөлек болғаны анық. Өйткені, бұл жолғы бастама тек тазалық жұмыстарымен ғана шектелмей, күре жолдың жиектеріне қарағаш тұқымы себіліп, сол арқылы болашақ жасыл белдеудің негізі қаланды.

Тағлымды шара Қайнар ауылдық округі-



нен басталды. Мақсатты іске Қайнар, Текес, Терістік, Қақпақ ауылының тұрғындары, мекеме, ұйым қызметкерлері, Нарынқол орман шаруашылығының орманшылары, барлығы 150-ден аса адам қатысты. Олар «Қайнар – Текес» бағытындағы республикалық маңызы бар күре жолдың оң жақ жиегіндегі алдын ала дайындалған ұзындығы 1 шақырым аумаққа 300 келі қарағаш тұқымын екті.

Шара барысында Райымбек ауданының әкімі Дастан Құдабаев экологиялық акцияның маңызына тоқталып, туған жердің табиғатын аялау әр азаматтың перзенттік парызы екенін атап өтті.

– «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы – сенбілік немесе тазалық шарасы ғана емес, Жер-Анаға деген жанашырлықтың айқын белгісі. Бүгін егілген әрбір тұқым ертең жайқалған жасыл желекке айналып, ауданның ажарын бұрынғыдан да аша түсетіні анық. Табиғатты қорғау мен көгалдандыру жұмысы алдағы уақытта да жалғасын таба береді, – деді ол.

Бұл күнгі шара Қарасаз ауылында да ұйымшылдықпен өткізілді. Ауыл тұрғындары саябақтар, мәдени орындар, ескерткіштердің айналасына, адам көп жүретін аумақтарға 1000 түп америкалық «Калифорния көктерегі» мен қарағаш көшеттерін отырғызды. Басқа ауылдарда да тазалық жұмыстары талапқа сай жүргізілді.

Шын мәнінде, елдімекендерді көгалдандыру – өңір экологиясын жақсартып қана қоймай, табиғаттың тепе-теңдігін сақтауға, туризмді дамытуға оң ықпал ететін маңызды қадам екені белгілі. Көпшіліктің бұл күнгі бірлесе атқарған еңбегі туған жерге деген шынайы сүйіспеншіліктің жарқын үлгісін көрсеткені анық.

Райымбек ауданы

Табиғатты қорғаудың жарқын үлгісі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» жалпыұлттық экологиялық бағдарламасы аясындағы іс-шаралар жалғасуда. Осы орайда облыс аумағында «Таза бейсенбі» тазалық акциясы ұйымдастырылды. Қонаев қаласында өткен ауқымды сенбілікке мемлекеттік қызметкерлер, өңір жастары және еріктілер қатысты.

● Ерзат АСЫЛ

Табиғатты аялау мен қоршаған ортаның тазалығына үлес қосу мақсатындағы ортақ іске атсалысушылар таңмен таласа Қонаев қаласының кіреберіс қақпасындағы «Барыс» монументі, «Sinoil» жанармай құю бекеті және «Аристократ» тұрғын үй кешенінің маңын қоқыстан тазартып, бірлесе әрекет етудің жарқын үлгісін көрсетті.

Облыстық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және абаттандыру басқармасының ақпараттына сүйенер болсақ, Қонаев қаласындағы тазалық жұмысына 1500-ден астам адам қатысып, 21 тонна қоқыс шығарылып, 34 гектар аумақ тазартылған.

«Облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес бізде тазалық жұмыстары 13 апта бойы жалғасып келеді. Күні бүгінге дейін сенбіліктерге 310 мыңнан астам адам қатысып, 7,5 мың тонна қоқыс шығарылды. Жалпы алғанда, 4,5 мың гектар аумақ тазаланды», – дейді облыстық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және абаттандыру басқармасының бөлім басшысы Әлина Түсіпбаева.

Жалпыұлттық экологиялық бағдарлама аясында алдағы уақытта әрбір елдімекендегі аулалар көшелерді тазалау, тарихи-мәдени ескерткіштердің аумағын абаттандыру, ағаш көшеттерін отырғызу, өзен-көлдердің жағалауын қоқыстан арытуды жұмыстары жалғасын таппақ.

Қонаев қаласы

Таза аула – таза қала!

Таза қала, таза орта таза ауладан басталады. Осыны негізге алған Еңбекшіқазақ ауданының тұрғындары облыс көлемінде өткен сенбілікке түгелдей қатысты.

● Құралай МҰРАТҚЫЗЫ

Қолдарына құрал-сайманы алып, дайын тұрған қала тұрғындары, жастар мен еріктілер тазалық жұмыстарын таңертең ерте бастап кетті. Есік қаласына бұрылыстан, яғни «Алтын адам» аллеясының Құлжа тас жолымен түйіскен жерінен басталған тазалық 9 шақырым жерге созылды. «Алтын адам» аллеясынан бөлек, Уәлиханов, Орынбетов көшелеріне де тазалық жұмысы жүргізілді. Жол бойы күл-коқыстан тазартылып, ағаштардың түбі әктелді. Сонымен қатар көшедегі көлік пен жаю жүргіншілердің қозғалысына кедергі келтіретін және қураған ағаш бұталары кесілді. Көше жарық шамдары да қалпына келтірілді. Есік қаласындағы тазалыққа 5 техника жұмылдырылып, 200-дей адам қатысты. Жалпы, 15 тонна қоқыс шығарылды.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясындағы дәл осындай тазалық жұмыстары аудандағы 25 ауылдық округте де жалғасты. Ауыл тұрғындары аула, көшелерін тазаласа, мекеме қызметкерлері өз аумақтарындағы санитарлық жағдайды ретке келтірді. Сондай-ақ қоғамдық орындар, балалардың ойын алаңдары, саябақтар



мен ауылдық амбулаториялардың, мектептер мен балабақшалардың маңы тазартылып, абаттандырылды, жол бойындағы ағаш түттері әктелді.

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында 2024-2029 жылдарға арналған өңірлік тұжырымдаманы іске асыру үшін белгіленген нақты жоспарға сай ауданда тазалық жұмыстары, сенбіліктер тұрақты өткізіледі. Елдімекендердің тазалығына атсалысу – әр азаматтың борышы.

Еңбекшіқазақ ауданы

Айналанды аяла!

Тазалық сақтауды әдетке емес, өмір салтына айналдыруды көздеген балқаштықтар сенбілік жұмыстарына белсене кірісуде.

● Алтынай СЕЙІТКЕН

Балқаш ауданының әкімі Азат Құтпанбетов бастаған жұмысшылары мен қызметкерлері, сондай-ақ аудан тұрғындары Бақанас ауылындағы бірқатар көшелерді қоқыстан тазартты. Атап айтсақ, аудандық ішкі саясат, білім бөлімі, орман шаруашылығы және басқа мекемелердің қызметкерлері сенбілікке қап, қолғап, күрек және тырма секілді арнайы құрал-саймандарымен келіп, Ахметов көшесінің бойындағы арықты және Әзірбаев, Сейфуллин көшелерін қоқыстан тазартты.

Естеріңізге сала кетсек, 13 мамырдан бастап облыс аумағында жаппай көгалдандыру жұмысы қолға алынған болатын. Осыған байланысты сенбілік барысында Бақанас ауылына кіреберіс жолға қарағаш тұқымы да себілді. Алдағы уақытта жасыл желектерді суару, күтіп-баптау, қорғау тұрақты бақылауда болмақ. Бұл бастама Балқаш ауданының абаттандыру, көгалдандыру жұмыстарын жандандыра түспек. Сонымен қоса тұрғындар арасында экологиялық мәдениетті арттыратыны сөзсіз.

«Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясында басталған тазалық сенбіліктері аудан көлеміндегі 15 ауылдық округте өтті. Өңірдегі мұндай игі шаралар қоршаған ортаны таза ұстауға әрі табиғатты аялауға бағытталып отыр.

Балқаш ауданы

● АБАЙЛАҢЫЗ, АПАЯҚ!

Ауылдың таңы ерте атады. Әсіресе көктем мен күз мезгілінде тіршілік күн шықпай басталады. Қорадағы малдың дауысы, ауладағы тынбайтын тіршілік ауыл өмірінің өзгермейтін ырғағы секілді. Ауылдағы әр отбасының өз күйбеңі, өз арманы, өз есебі бар. Бірі несие жабуды ойлайды, бірі баласының оқуын, енді бірі үйдің жетіспеген дүниесін толықтыруды мақсат етеді. Шеткері үйдегі Сағындықтың да бар ойы отбасының тұрмысын сәл де болса жеңілдету еді.

ИНТЕРНЕТТЕГІ ИЛЛЮЗИЯ



Бүгінде интернет-алаяқтық ең қауіпті қылмыстардың біріне айналды. Өйткені алаяқтың бет-бейнесі жоқ. Көзбе-көз, сөзбе-сөз кездеспеген соң да жылы сөйлеп, сенімге кіреді, жалған пікір жазсады, қолдан парақша жасайды. Ал алаяқтар жасалған аккаунт, бөтен карта, уақытша нөмір арқылы жұмыс істейтіндіктен, оларды табу ұзаққа созылады, тіпті табылмайды да.

● Құралбек СӘБИТОВ

Облыс орталығынан шалғай орналасқан осы ауылда туғаннан бері тұрады. Жазда құрылысқа жалданып, күзде мал сатып, қыста уақытша жұмыстар істеп күн көреді. Тұрақты табысы жоқ. Бір сөзбен айтқанда, қолында үнемі еркін жұмсайтын қаражаты бола бермейді. Үйінде жары Айжан мен үш баласы бар. Үлкені мектепке барады, ортаншысы балабақшада болса, кенжесі әлі анасының жанында. Ердің ісі түзде болғандықтан, Сағындық таң қылаң бере нәпақа қамымен үйден шығып кетеді. Ал шаңырақтың бар ауыр тірлігі Айжанның иығына артылған. Әсіресе кір жуу – күнде қайталанатын машақат. Қыстың қақаған аязында мұздай суға қолын малып, жаздың аптабында иіліп отырып кір жуу әйелді әбден қажытқан. Осындай сәттерде Айжан ауыр күрсініп: «Бір кір жуғыш машина болса ғой, шіркін!» – деп армандайтын. Сағындық та жан-жарының қалауына бейжай қарай алмады. Қолма-қол алатын ақша болмағандықтан, алғашында кір машинаны несиеге рәсімдемек болған. Алайда бұрынғы берешектер мен бұзылған несиелік тарих салдарынан екеуінің де атына тауар рәсімдеу тіптен мүмкін болмады. Сонан бастап, Сағындық ақша жинай бастады. Артық шығынды қысқартты, өзіне қажет дүниенің кейбірінен бас тартты. Әр тиынды үнемдеп жүріп, ақыры 100 мың теңге жинады. Бұл олар үшін аз ақша емес еді. Қалаға барып, дүкен аралап, Айжанның қалаған кір жуғыш машинасын әні-міне оперемін деп жүргенде іздегенге шарағандай болып, оның алдынан интернеттегі жұрнамалы шықты.

Әлеуметтік желі арқылы жарқ ете қалған жарнамада қалаға бармай-ақ үйден тапсырыс беруге болатыны, тіпті тегін жеткізілетіні айтылған. Бұл Сағындықтың жұмысын жеңілдеткендей болды. Оның үстіне 50 пайыз жеңілдікпен ұсынылған соң, әлдеқайда арзан еді. Танымал брендтің заманауи кір жуғыш машинасы небәрі 55 мың теңге тұрады. Астында «тікелей қоймадан», «арнайы акция», «соңғы мүмкіндік» деген жазулар бар. Тауар туралы жазылған пікірлер де толып жатыр, барлығы оң бағасын берген. «Ауылға дейін жеткізді», «Сапасы тым керемет», «Дүкендегіден екі есе арзан», «Рақмет, тез әкелді» деген сенімді сөздерден Сағындықтың да қызығушылығы оянып, бірден сатушымен байланысқа шықты. Сол сәтте оның бойында күмән де, күдік те болған жоқ. Себебі Сағындық қазіргі қоғамда адамдардың интернетке сенуі қалыптасуы нәрсеге айналғаны білетін. Киім де, техника да, тіпті азық-түлік те онлайн тапсырыспен алынып жатқанын ойлап, бұл ұсыныстан да еш күмән көрмеді. Керісінше, мұны тағдырдың берген мүмкіндігіндей қабылдады. Сағындықтың хабарламасына жауап бірден келді. «Аға, акция бүгін түнге дейін ғана. Ертең бағасы көтеріледі. Қазір төлем жасасаныз, таңертең жібереміз», – деді сатушы. Дауысы да сенімді, сөзі де тым сыпайы. Тіпті таңдау еркіндігі үшін қоймадағы барлық техникалардың видеосын жіберді. Жүк жөнелту қағаздарының суретін де көрсетті. Мұның бәрі Сағындықтың бойына сенім ұялатты. Сонда да ол ақшаны бірден аударуға асықпай, сатушыдан: «Төлемді жеткізгенде жасасам бола ма?» деп сұрады. «Өкінішке қарай, акция бағасымен тек толық төлем арқылы жібереміз. Қазір сұраныс өте көп», – деген жауап келді. Бұл жерде алаяқтардың психологиялық тәсілі анық байқалады. Олар адамға ойлануға уақыт бермейді. «Соңғы күн», «соңғы дана», «қазір алмасаныз, үлгермейсіз» деген сөздер арқылы асықтырады. Өйткені өз құрбанының асығыс шешімі алаяқтардың қалтасын қампайтары ақиқат. Сағындық мұны сол сәтте түсінген жоқ. Ол сатушыға қажет соманы толықтай аударды. Ертесі күні-ақ жеткізіп беретін болды деген үміт Айжанның да көнілін көкке көтерді. Денелерінен бір жүк түскендей жеңілден қалған екеуі ертенгі күнді тағатысыздана күтті. Таң ата барлығы қалыпты

болды. Сатушы өзі хабарласып, тауардың жолға шыққанын айтып, жүк көлігінің нөмірін де жолдады. Сағындық қуанып қалды. Олар үшін бұл әншейін техника ғана емес, әйелдің бейнетін азайтатын көмек қолы еді. Бірақ сол күткен күні, келеді деген уақытта ешқандай жүк машинасы да, ешқандай тауар да жетпеді. Сағындықтың бойына күдік ұялай бастады. Бірақ жолда бір жағдайлар болған шығар деп жамандықты ойламай күткеніне тағы бір күн өтті. Үшінші күні де келмегендіктен, Сағындық сатушыға хабарлама жазып, кейін қоңырау да шалды. Хабарлама оқылмады, қоңырау жауапсыз қалды. Сатушының байланыс нөмірі біржола өшті. «Әлеуметтік желі арқылы жазайын, бұл не сұмдық?!» деп желіні ақтарғанында, әйгілі жеңілдігі бар парақшаның да ұшты-күйлі жоғалып кеткенін көрді. Сол сәтте ғана барлығы түсінікті болды. Кір жуғыш машина ешқашан келмейді. Ақша қайтпайды. Олардың арманы біреудің пайдасына айналды. Тірнектеп жиған адал ақшасы да арамығыл-дырлардың қолында кеткеніне қатты күйінді. Сағындық өзін кінәлі сезінді. Айжан да ештене демеді. Дегенмен ер азаматты өз отбасының сенімін ақтай алмаған сәт үнемі ойға салды. Сағындық та уақыт өте келе мұндай жағдайдың жалғыз оның ғана басынан өтпегенін білді. Көрші ауылдағы танысы дәл осындай интернет-дүкенге барыпты. Біреу құрылыс материалына тапсырыс беріп, ақшасынан айырылған. Тағы бірі арзан телефон аламын деп сан соғып қалған. Сонда ғана барып, бұл адамның қателігі емес, амалын тапқан алаяқтың құрығы екенін анық ұғынды.

Бүгінде интернет-алаяқтық ең қауіпті қылмыстардың біріне айналды. Өйткені алаяқтың бет-бейнесі жоқ. Көзбе-көз, сөзбе-сөз кездеспеген соң да жылы сөйлеп, сенімге кіреді, жалған пікір жазсады, қолдан парақша жасайды. Қазіргі таңда әлеуметтік желілерде жалған интернет-дүкендер өте көп. Олар көбіне нарықтағы бағадан әлдеқайда арзан тауар ұсынады, пікірлер мен жазылушыларды қолдан көмектесі, «акция», «соңғы мүмкіндік» деген қысым жасайды, алдын ала төлемді толық талап етеді, бірнеше күннен кейін ізін суытады. Құқық қорғау саласы қызметкерлерінің айтуынша, мұндай қылмыстарды дәлелдеу оңай емес. Көп жағдайда ақша ерікті түрде аударылғандықтан, адамдар уақыт жоғалтып барып құдық қорғау органдарына жүгінеді. Ал алаяқтар жалған аккаунт, бөтен карта, уақытша нөмір арқылы жұмыс істейтіндіктен, оларды табу ұзаққа созылады, тіпті табылмайды да. Мамандардың айтуынша, интернет-алаяқтардың басты қаруы – адамның ашкөздігі емес, қажеттілігі. Шынында да, Сағындық байығысы келген жоқ. Ол тек әйелінің бейнетін азайтып, отбасына қолайлы жағдай жасағысы келді. Ал алаяқтар сол жағдайды сәтті пайдаланды.

Мұндай жағдайлардың алдын алу үшін ең алдымен цифрлық сауаттылық керек. Тапсырыс бермес бұрын, кез келген интернет-дүкен туралы толық ақпаратты біліп алу қажет. Осы орайда мамандар мынадай сақтық шаралары ұсынады. Тауар бағасы шектен тыс арзан болса, күмәндану қажет. Дүкеннің заңды тіркелгенін тексеру, пікірлердің шынайылығына назар аудару керек. Мамандар ешқашан алыын ала толық төлем жасасамау қажеттігін де ұсынады. Ресми маркетингтер мен сенімді платформаларды пайдаланып, күмәнді сілтемелерге өтпеу керектігін де айтанды. Расымен де мұндай жағдайда ең бастысы – асығыс шешім қабылдамау. Асығу арқылы адам өмірін жеңілдеткені ақиқат. Бірақ онымен бірге көзге көрінбейтін қауіптер мен қатерлердің барын ұмытпауымыз қажет. Виртуалды мүмкіндік шынайы өкінішке жеткізбес үшін кез келген жағдайда аса сақ болған абзал.



● ДӘРКЕМБАЙ ШОҚПАРҰЛЫ – 80

А – Дәркембай Шоқпарұлын жұрт қазақтың дәстүрлі қолөнерін жаңғыртып, оның қадір-қасиетін кеңінен танытқан көрнекті ұста ретінде таниды. Сіз үшін әкенің қандай адам еді? Ол кісінің тұлғасын өзгелерден даралап тұратын ең басты қасиеті қандай болды?

– Әкем Дәркембай танымал ұста-зергер Ерғожаұлы Шоқпардың шаңырағында дүниеге келген. Шоқпар атамыздың Алдамберді, Ахмет деген інілері болған. Сол бауырларымен бірге тұрмысқа қажетті бұйымдар мен әшекей жасап, тапқан ұлыммен әулетті асырап, ауылға белгілі ұста атаныпты.

Шоқпар атамыз Еңбекшіқазақ ауданының Ақши деген ауылында тұрған. Кейін ұжымдастыру басталған шақта көрші жатқан Қазатком ауылына ұста керек болып, Шоқпар атамызды сол жаққа жібереді. Әкем Дәркембай сол ауылда ержетіп, сегізжылдық мектепті тәмамдайды. Бала күнінен зерек, қағылез, тілге шешен, шығармашылыққа, бейнелеу өнеріне жақын өседі. 13 жасында әкесінен айырылып, кіші әкесі Ахмет қолына алады. Ауылға белгілі ұста Ахмет атамыз әкемізге ұсталықтың қыр-сырын үйретіп, қолөнерге баулиды. Мектепті тәмамдаған соң ұжымшардың кара жұмысын істеп, әрі мектеп директорының өтінішімен бір жыл мектепте неміс тілінің мұғалімі болып, оқушыларға сабақ береді. Осылайша оқуға қатарластарымен бірге құжат тапсыра алмай қалады. Десе де, арман қуып, 1965 жылы Алматыдағы Гоголь атындағы көркемсурет училищесіне қолөнерді үйрететін бөлім болмай, кітап безендіруші мамандығына қабылданады. 2-курсты оқып жүргенде әскер қатарына алынып, қазіргі Ресейдің Пермь қаласында борышын өтейді. Елге оралғанда оқуын жалғастырып, диплом жұмысына кітап безендіру ісі бойынша емес, қазақтың ұлттық дүниесін жасауды жөн көріп, сол кездегі училищенің директоры Ақырап Жұбановтан рұқсатын алып, қымыз құятын ыдыс-аяқ, торсық пен кесекеп жасайды. Ауыл-ауылды аралап жүріп, тері, ағаш, металл өңдеудің көне тәсілдерін қойын дәптеріне түсіріп, қазақтың қайталанбас қолөнер туындыларын жинақтауды қолға алады. Қазақтың қолөнеріне, этнографиясына, мәдениетіне, тіпті тіл саласына қосқан үлкен үлесі осылай басталды. Бұл – әкеміңіздің ұлтқа деген адалдығы. Ол кісінің тұлғасын өзгелерден даралап тұратын ең басты қасиеті – ісіне адал болды. Әкем үшін қолөнер – тек материалдық дүние емес, рухани мұра болатын. Қолөнер бұйымдарының тек сыртқы формасына ғана емес, ішкі мазмұны, философиясына да жіті мән берді. Ұлттық өнерді халықтың жаны, рухы, тарихы деп қабылдады. Әкем осындай тереңдігімен мен үшін әркез биік болды.

«Қарны тоқтық, жұмысы жоқтық аздырар адам баласын» деп Абай атамыз деп айтқан ғой. Әкеміз ешқашан бізді бос отырғызбайтын. Ол кісі жалқаулықты жаны сүймейтін. «Еңбектің наны тәтті, жалқаудың жаны тәтті», «Ешқашан өтірік айтпа, біреудің затын алма» дегенді жиі айтты. Әр ісіне ұқыпты болатын. Тиянақтылықты, тәртіпті үйретті. Күнделік жазып, маңызды дүниелерді қағазға түртіп жүретін. Ол кісі менімен көп ақылдасатын. Қай істе де «Сен қалай ойлайсың?» деп, пікірімді біліп отыратын. Қалада қолөнермен айналысу қиынға соққанда, ауылға көшуді ойлады. Сонда Алматының маңына емес, туған ауылына барды. Бір күні «Қазақта «Шамның жарығы өз түбіне түспейді» деген жақсы сөз бар. Оз ауылыма бір пайдам тисін. Көшсек, туған жерге – Ақшиге көшейік» деді. Сөйтіп, 1996 жылы Ақшиге көшіп келдік. Осы жерде қаншама шәкірт тәрбиелеп, қаншама қолөнер бұйымдарын жасады.

А – Ұлттық өнерге халықтың жаны деп қараған ұста қолөнердің қыр-сырын, оны жасау жолдарын жіті меңгеріп, кеңінен насихаттап қана қоймай, әр бұйымды терең зерттеп, оның тұрмыста қолданылуы, салт-дәстүрге байланысы, тіпті атауына да мән берді емес пе?

– Әкем қазақ өнерін сөз өнері, саз өнері және сән өнері деп үш категорияға бөлетін және осы үшеуіне де өлшеусіз еңбегі сінді. Герольд Бельгер бір жазбасында: «Бір киіз үйдің төңірегінде қазақта жүз сөз табылып қалады. Бір ғана сырғаның қазақта 20-30 түрі табылады. Бір ғана пышақтың ұшы, казинегі, кежегесі, ілдірігі, жүзі, сағасы, жемесі, алқымы, сырты, құрсауы, дүмі, шығыршығы болатынын марқұм Дәркембай ұста жазып та, суретін салып та түсіндіріп еді», – деп әкем туралы жазған-ды. Қолданыстан шығып қалған қолөнер бұйымдарымен бірге оның атауы да, оны жасаудағы әдіс-тәсілдердің аталуы да ұмыт болатынын ескерген әкем олардың бәрін қағазға түсіріп, анықтамасын жазып, тіл ғылымына, этимология, этнолингвистикаға үлесін қосты. Сонымен қатар әкеміңіздің өлең жазатын ақындығын да айта кету керек. «Зердемнен зерлеп өлең, еңбегімді елге берем» деп жырлап жазған өлеңдері топтастырылып, «Ай-Алқа» атты жыр жинағы шыққан-ды.

А – Сөз өнері мен сән өнерін айттық. Дәркембай ұстанық саз өнеріне, ұлттық музыка мәдениетін жаңғыртуға қосқан үлесі жайында да айтып өтсеңіз.

– Әкем 1979 жылы Венгрияның Кечкемет деген қаласында болады. Сол жерден ойыншықтар музейін көріп, керемет әсерленіп, «Бізге де осындай бір музей керек екен. Біздің музейімізде

Қазақтың рухани мұрасы тек архивтер мен көне кітаптарда ғана сақталмайды. Ол халықтың күнделікті тұрмысында, ұста соққан темірде, зергер қашаған күмісте, қобыз бен домбыраның үнінде, бесіктің ішінде елмен бірге өмір сүреді. Ұлттың ұмыт бола бастаған осынау асыл қазынасын қайта тірілтіп, дәстүрлі қолөнерге жан бітірген санаулы тұлғалардың бірі – ұста Дәркембай Шоқпарұлы еді. Ол шеберлікті кәсіп емес, ұлт алдындағы аманат деп түсінді. Ғұмырын қазақтың көне өнерін зерттеуге, жоғалғанын жаңғыртуға, кейінгі ұрпаққа жеткізуге арнады. Ұста жасаған әр бұйымда халықтың тарихы мен рухы жатты. Бүгінде оның мұрасы – қазақ мәдениетінің алтын арқауына айналған құнды қазына. Ұстаның 80 жылдық мерейтойына орай, ізбасары, қолөнерші, Ұста Дәркембай атындағы қолөнер музейінің директоры Дәулет Дәркембайұлымен сұхбаттасып едік.



Ұлттың жоғын тугендеген ұста

қазақтың қуыршақ театрының бір көрінісі – ортеке тұрса, сан түрлі саз аспаптарын қойсақ, елге танытсақ» деген оймен көргенін қағазға түртіп алады. «Қазақтың ұлттық музыка аспаптарын жинаушы, музыкатанушы Болат Сарыбаевтың коллекциясы бар, жетпегенін өзіміз жасармыз» деп, елге келгенде ойын Мәдениет министрлігінде жұмыс істеп жүрген Өзбекәлі Жәнібековке айтады. Бұл бастаманы жөн көрген Өзбекәлі ағамыз Болат ағамен сөйлесіп, ол кісі де құптап тұрған соң Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаевқа ұлт аспаптар музейін ашу идеясын ұсынып, рұқсатын алады. Солай жұмыс басталып кетеді, бірақ жеме-жемге келгенде Болат Сарыбаев жылдар бойы еңбектеніп жинаған музыкалық аспаптарын тегін бермейтін болып шығады. Ол кісі сұраған қомақты қаржы жоспарға енгенен, оны тауып бере салу да оңай емес. Музей ашу идеясы туралы Дінмұхамед Ахметұлына айтылып қойған. Сонымен Өзбекәлі Жәнібеков әкеме жағдайды түсіндіреді. «Осының бәрін бастаған – мен. Жаныма он шақты шәкіртімді алып, дереу жасап шығайық» деген әкем «Қазреставрация» мекемесі мен республикалық қолөнер музейінде бас суретші-реставратор болып жүрген жерінен жұмыстан шығып, музейге қажетті саз аспаптарын жасауға күйседі. Көне аспаптарды жасау барысында этнографиялық деректерге, халық шеберлерінің тәжірибесіне және тарихи мәліметтерге сүйенген. Кейбір ұмыт болған аспап түрлерін қайта жасап шығару үшін ел арасындағы көнекөз қариялармен кездесіп, зерттеу жұмыстарын жүргізген, әрі жасаған аспаптары туралы «Білім және еңбек», «Пионер», «Балдырған» сынды басылымдарға мақала жазып, өзі салған суреттерімен қоса жариялап отырған. Осылайша, бір жылдан кейін музыкалық аспаптар музейі ашылды. Бұл – әкеміңіз музыка саласына да, музей ісіне де қосқан үлкен үлесінің бір мысалы.

Музей ісі демекші, 2000 жылдардың басында қазіргі Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде оқу орнының тарихын, қазақ әйелінің рухани болмысын, ұлттық мәдениет пен салт-дәстүрді насихаттауға бағытталған ерекше мәдени орталық ретінде «Ақтұмар» тарихи-этнографиялық музейі ашылды. Әкем осы музейдің тақырыптық жоспарын дайындап, «Әйел әлемі» атты этнографиялық коллекцияны жасады. Қазақ әйелінің көне заманнан бүгінге дейінгі өмірін бейнелейтін бірнеше бөлімнен тұратын экспозицияларда байлестен қыздың жасау-жабдықтары, қалыңдықтың сәукелесі, әже бейнесі, жауынгер қыздың киімі мен қару-жарағы, ұлттық тұрмыстық бұйымдар – бас-аяғы 253 жәдігермен 2005 жылы музейді толық дайындап шықты.

А – Шәкірттері Дәркембай Шоқпарұлын «Дәркембай көке» деп атайды екен. Сіз де сөз арасында «көке» деп отырсыз.

– Әкем мен шешем шаңырақ көтерген соң қазіргі Тұздыбастау ауылында пәтер жалдап тұрған екен. Менің алдыма 1970 жылы туған Нұрлан деген бауырым болыпты. Әке-шешеміз пәтерден-пәтерге көшіп-қонып жүріп, сол тұңғыштары шетінеп кеткен екен. Содан кейін мен туғанда әке-шешем «Ары-бері көшіп жүріп, баладан тағы айырылып қалмайық» деген уайыммен, мені нағашы ата-әжемнің қолына беріпті. Әкем жастайынан жетім қалып, мен өз ата-әжемнің көзін көрмедім. Солай мектеп жасына дейін мені нағашыларым өсіріп қалдырған. Жеті жасымда Алматыға әке-шешемнің қолына келдім. Ол кісілерді анда-санда ауылға келгенде ғана көрген соң бастапқыда бөтенсіп жүрдім. Әкем соны байқап, бір күні шақырып алып, «Мені кім дейсің?» деп сұрады. «Білемеймін» дедім. «Оңда көке де» деді. Солай әкемді «көке» атап кеттім. Мен көке деген соң, бүкіл



шәкірттері де «Дәркембай көке» дейтін болды.

А – Дәркембай ұстаның ұлы ғана емес, жанындағы шәкірті де болдыңыз. Атакәсіпті тастамай, әкеніңіздің жолын жалғап жүруіңіз әке аманаты ма, әлде өз таңдауыңыз ба?

– Екеуі де бар. 10-сыныпта оқып жүргенімде бір күні әкем қандай мамандық иесі болатынымды сұрады. Ол жағын әлі ойламағандымды айтқандымда «Бір ай уақыт беремін, ойлан» деді. Ойлана келе әкем сияқты қолөнермен айналысым келетінін түсіндім. Әкем маған «осы іспен айналыс» деп тікелей айтпаса да, ол кісінің жылдар бойғы еңбегі, ұлттық қолөнерге деген сүйіспеншілігі мен жанашырлығы, бізге берген тәрбиесі осындай таңдау жасауыма түрткі болды. Оның үстіне, үйде де, мектепте де көретінім қолөнер болатын. 4-сыныпта оқып жүргенде мектепте қолөнер үйірмесі ашылып, мен оған төрт жыл үзбей қатыстым. Құдайберген Кәзімұлы Болатбаев деген мықты ұстазымыз болды. Мені өнерге баулыған, өнерге қызықтырған алғашқы ұстаздарымның бірі – әкем болса, енді бірі – осы кісі еді. Сонымен араға бір ай салып, әкеме «Сіз сияқты қолөнермен айналысамын» дегенімде әкем қатты қуанды. Таңдауымды құптады.

А – Дәркембай ұста ұлттық қолөнердің ұмытылып кетпеуіне көп еңбек сіңіріп, көне өнерді қайта жаңғыртты. Осы орайда «Атақты ұстаң ұлы, ізбасары қазақтың қолөнерін насихаттауда

қандай іс тындырып жатыр?» деген сауал туындайды.

– Индустрияландыру кезінде зауыт өнімдері көбейді, ұжымдастыру салдарынан көшпелі өмір салты өзгерді. Бір кездері ұста, зергер, ерші сияқты жеке шеберлердің жұмысына сұраныс азайып, қазақтың қолөнері кенжелеп қалды. Өйткені бұрын қолмен жасалған бұйымдардың орнына зауыт, фабриканың дайын өнімдері келді. Ер-тұрманды бұрын бар сән-салтанатымен шеберлер жасаса, енді ол да бір қалыппен зауыттан келеді. Оюлап, теріден тігетін қазақтың саптама етіктері жоғалып, орнын кокпаған керзі етіктер басты. Тұрмыста қолданатын бұйымдар, ыдыс-аяқтан бастап, киім-кешекке дейін бәрі дайын, бірақ бәрі бөтен, қазаққа жат еді. Ешқайсысында ұлттық нақыш, қазық бояу жоқ. Ұлттық құндылықтар мен күнделікті тұрмыс арасы алшақтай бастады. Сұраныс болмаған соң қолөнермен айналысатын, оның қыр-сырына қанық шеберлер де азайды. Осыған іштей налыған әкем ел аралап, көнекөз шебер, ұсталардан қолөнердің әдіс-тәсілдерін үйреніп, оны қағазға түсіріп, әр бұйымның анықтамасы, оның шығу тарихы, жасалу жолы туралы өзінің салған суретімен қоса газет-журналдарға ғылыми-зерттеу, танымдық мақалалар жариялап жүрді. Қарап отырсақ, әкем 200-ден астам ғылыми мақала, «Өрім өру», «Домбыра жасау», «Теріден жасалатын бұйымдарды құрастыру технологиясы», «Теріден жасалатын бұйымдардың арнайы композициясы», «Қазақтың қолөнері» сынды бірнеше

кітап, «Қазақтың қолданбалы өнері» атты альбом-кітап шығарған. Сондай-ақ 30 шақты ұжымдық оқу-әдістемелік құралы тағы бар. Қазақ қолөнері жайлы жазып-сызып қана қоймай, көпшілік назарына теле-радио бағдарламалары арқылы теле-сабақ жүгізіп, көрерменге өнер мазмұнын терең таныта білді. Қазақ қолөнерінің тарихын айқындайтын «Зергерлер», «Шебердің оралуы», «Дом без углов», «Үш арыс», «Возвращение на лоно неба» сынды тағы басқа деректі фильмдер көрермен назарына ұсынылды. Мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, кеңестік кезеңде құлдырай бастаған қазақ қолөнерінің қайта жаңғыруына жол ашты. Әкеміңіз бұл орасан еңбегі – мен үшін үлкен жауапкершілік. Оның өмір бойы жинаған мұрасы жай ғана бір отбасының дүниесі емес, тұтас ұлтқа ортақ қазына деп түсінемін. Сондықтан қазір музей жұмысын дамытуға, жастарға ұлттық өнерді насихаттауға күш салып келеміз. Түрлі көрмелер, кездесулер ұжымдастырамыз. Шеберлік сабақтарын өткіземіз. Ең бастысы – жастардың ұлттық өнерге қызығушылығын ояту. Көрген-білгенімді үйретіп, шәкірт те

тәрбиелеп жатырмыз. Қазір қолөнерге деген жастардың қызығушылығын арттыру үшін, қолөнер бұйымдарының кеңінен насихаттап, оның қыр-сырын таныту үшін әлеуметтік желілерді пайдалануды қолға алдық. Әсіресе, жастар көп қолданатын тик-ток желісінде жана аккаунт ашып, қолөнер бұйымдары, оның жасалу жолдары туралы шағын видео салып отырамыз. Бұл да заманға сай ұлттық құндылықтарымызды танытудың бір жолы. Мықты мобилограф алып, шеберлердің әдіс-тәсілдерін көрсетсек деген де жоспар бар.

А – Қазіргі жастар қолөнерге қызыға ма?

– Мүмкін жастардың бәрі емес шығар, бірақ бір байқағаным, кейбір жастар бірден нәтиже көргісі келеді. Айталық, бір бұйымды жасап, соны сатып, бірден байып кетемін деп ойлайды. Қолөнермен айналысу – шығармашылық қабілетті айтпағанда, төзімді, қажырлы еңбекті, уақытты талап ететін жұмыс. Алдымен тәжірибе жинақтау қажет, құрал-сайманды түгендеу керек. Бұл бірден бола қалмайды. Сондықтан қолөнерді бүгін бастап, ертең тастап кететін жастар жоқ емес. Дегенмен, осы іске қызығушылық танытып, ынта-шыңтасымен кірісіп істейтін іні-қарындастарымыз да баршылық. Қарапайым кәдесыйдан бастап, үлкен тапсырыстар алып жатқан жастарға қарап қызығамыз.

А – Дәркембай ұста «Қазақта «сувенир» деген сөз жоқ. Олар барлық затты қолданған» деген екен. Ал қазір қолөнер бұйымдары көбіне қадесый ретінде жасалады. Осы тұрасында не айтасыз?

– Көшпелі өмір салтын ұстанған қазақ, расымен, тұрмыстағы кез келген затты қадесе жаратып, пайдаға асырған. Ал әлденеі қадесый ретінде жай ғана қойып қою – ары-бері көшіп-қонатын жан үшін артық жүк еді. Дегенмен, қазір заман басқа. Сырттан келетін турист «Қазақ деген кім?» дегенде, біздің ұлттық құндылықтарымызды, мәдениетіміз бен өнерімізді, тарихымызды танытатын қадесый керек.

Қадесыйдан бөлек, күнделікті тұрмысқа қажетті бұйымдар да жасалып жатыр. Қолөнер бұйымдарына тапсырыс берушілердің екі түрі болады. Мысалы, қамшыға тапсырыс берерде «Маған алтындап, күміспен, қолданатын мықты қамшы жасап бер» дейді. Ол адам заттың сапасына қарайды, бағасына қатты бас ауыртпайды. Енді бір адамдар «Үйімде қамшы ілінбей тұрса болды» дейді. Ол адам қамшының сапасы, сөні емес, бағасына қарайды. Яғни адамдар материалдық жағдайына қарай тапсырыс береді. Біреулер зауыттан шыққан сандықты сатып ала салады. Енді біреулер шеберлерге жасатады. Сол сияқты ат әбзелдеріне, теріден торсыққа, ыдыс-аяққа, саз аспаптарына тапсырыс көп түседі. Қолдан жасалған бұйым болған соң, оның бағасы да қымбатқа шығады.

А – Дәркембай Шоқпарұлының 80 жылдығына орай қандай іс-шаралар ұйымдастырылып жатыр?

– Халықаралық музейлер күніне орай, Қонаев қаласында Дәркембай Шоқпарұлының 80 жылдық мерейтойына арналып «Ұлы дала шеберлері» атты халықаралық шеберлер фестивалін өткізуді жоспарлап отырмыз. Бұл тек қолөнер шеберлерінің көрмесі емес, сонымен қатар ұлттық өнерді ұлықтап жүрген өнерпаздардың мәнді, мазмұнды кеші болмақ. Бұдан бөлек, 29 мамырда Есік қаласындағы Т.Молдағалиев атындағы Мәдениет үйінде «Ұста рухы – ұлт мұрасы» атты үлкен іс-шара ұйымдастырамыз. «Алашқа аты мәшһүр Дәркембай ұста» кітабының тұсауына қол қойып өтеді. Әкеміздің рухына бағыштап Құран оқытып, ас береміз.

– Өңірімізге рахмет!

Сұхбаттасқан –
Құралай МҰРАТҚЫЗЫ
Еңбекшіқазақ ауданы



● ЖАҚСЫЛЫҚ ҮШКЕМПІРОВ – 75

Қазақтан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы Жақсылық Үшкемпіровтің туғанына 75 жыл толды. Даңқты спортшының өмірі өнегеге толы, табандылығы, намысқойлығы, ұлтжандылығы жастарға үлгі болды. Спорттағы мансабын аяқтағаннан кейін гибратты ғұмыр кешті. Жамбыл облысының Байзақ ауданы Мегістік ауылында дүниеге келген оның өмірінің соңғы кезеңі Алматы облысымен тығыз байланыста өтті.

АУЫЛДЫ КӨРКЕЙТУ



АРМАНЫ ЕДІ

● Серік САТЫБАЛДИЕВ

Жақсылық Үшкемпіров – грек-рим күресінде ұлттың қолын «алтынға» жеткізіп, мәртебесін теңіздей тасытқан, 1980 жылғы Олимпиадада олжа салған тұңғыш қазақ. Ол 1975 жылы КСРО халықтарының жазғы спартакиадасында чемпион атанды. Екі дүркін КСРО чемпионатында топ жарды, алты рет жүлдегер болды. Бүкілодақтық, ауыл спортшылары біріншілігінің алтын тұғырына түтінін үзбестен қатарынан тоғыз жыл табан тіреді. Яғни, тоғыз дүркін чемпион! Қазақстан чемпионатын әлденеше рет жеңіп алды. Сондай-ақ 1981 жылы әлем чемпионы атағын қанжығасына байлап, 1982 жылы әлем кубогының иегері атанды.

Қазақтың қарапайым отбасында дүниеге келген ол бір естелігінде өзі: «Мен өмірге келгенде халықтың тұрмысы ауыр болыпты. Ауылда анамның дүкені болған екен. Бір күні дүкенге Сарымалтай деген ақсақал келіп, сабын сұрапты. Ол аузы дуалы, ел сыйлайтын беделді кісі екен. Сабынды беріп жатқанда, анамды олғақ қысады. Сөйтіп, мен дүниеге келіппін. Ақсақал мұны жақсы ырымға балап: «Өмірге жақсылық келді!» – депті. Осылайша, атымды Жақсылық қойыпты», – деген.

Бала Жақсылық мектепте жақсы оқыпты. 1968 жылы Семей қаласының малдәрігерлік институтына оқуға түседі. Сол оқу орнының күрес үйірмесіне жазылады. Еркін күреспен жарты жылдай айналысқан соң республика чемпионы атанады. Одан кейін классикалық күреспен шұғылданып, 1970 жылдары республикалық жарыста жеңіске жетеді. Сол кезден бастап Олимпиада чемпионы болуды армандайды. Аталған институттың соңғы курсында оқып жүргенде бірінші курста оқитын Құлпан есімді қызбен танысады. Болашақ жарын Семейден Таразға алып кәшіп, екеуі отау құрады. 1977 жылы олардың тұңғышы Жандос, одан

кейін ортаншы ұлы Елдос дүниеге келеді. Ал Мәскеу Олимпиадасының жеңімпазы атанғанда кенже баласы Жеңіс өмірге келеді.

Жақсылық Әмірәліұлы 1974–1984 жылдары Қазақ КСР Спорт комитетінде нұсқаушы болып қызмет атқарады. 1984 жылы Красноярск қаласында жалауын көтерген КСРО кубогында 33 жасында спорттағы мансабын аяқтайды. 1984–1993 жылдары спорт мектебінің директоры, 1993 жылдан «Жақсылық» спорт клубының директоры болып қызмет атқарған. Кәсіпкер ретінде Тәуелсіз Қазақстанның ауыл шаруашылығы саласын дамытуға үлес қосты.

Есімі елге әйгілі спортшы Жамбыл ауданында айшықты із қалдырды. Бес мыңдай тұрғыны бар Мыңбаев ауылын өркендетуге үлкен үлес қосты. Осы елдімекенде Жақсылық Үшкемпіров атындағы спорт кешенін салды. Ондағы күрес, бокс залдарында балғын спортшылар жаттығып, шеберліктерін шындайды. Кешенде сонымен қатар ауыр атлетика мен фитнес, волейбол залдары бар. Грек-рим күресі, еркін күрес, казак күресі, самбо, дзюдо, футбол, баскетбол, тоғызқұмалақ, бокс секцияларында 100 шақты жасөспірім спортпен шұғылданады. Спорт сарайында даңқты спортшының айтулы додаларды жеткен жетістіктері мен жеке өмірінен сыр шертетін көрнекі ақпараттар қойылған. Ауыл балаларының спортқа жақындауына мыңбаевтықтар риза.

Жақсылық Әмірәліұлы осы өңірден ауыл шаруашылығы мақсатында мыңдаған гектар жер алып, «Жақсылық» шаруа қожалығының

жұмысын табысты ұйымдастырды. Үйір-үйір жылқы өргізіп, атакәсіпті асқақатты. Ірі қара бордақылайтын алаң салып, ет өндірісіне елеулі үлес қосты. Оның кәсіпкерлік қызметтен халыққа көптеген игіліктер жасағанын жалпақ жұрт жақсы біледі.

Мыңбаев ауылынан «Жақсылық» балабақшасын ашты. Мектепке дейінгі тәрбие мекемесінің тапшылығы кезінде бұл дер уақытында іске асқан жоба болды. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестікті дамыту мақсатында Жақсылық Үшкемпіровтің демеушілігімен алғашқылардың бірі болып іске қосылған балабақша осы еді. Ғимараты жеке қаражаты есебінен жөнделіп, жабдықталып, мемлекеттік «Балапан» бағдарламасына енгізілді. Мұнда 20-дан астам адам жұмысқа тартылған, төрт топта жүз бала тәрбиеленеді.

Осы ауылдағы жатақхана да Жақсылық Үшкемпіровтің тікелей жүзеге асыруымен болған жақсылықтың бірі және ауылдық жерде кездесе бермейтін бірегейі. Заман талабына сай жабдықталған жатақхананы халықтың игілігіне ұсынуы – елін сүйген азаматтың көптің қамын ойлаған тағы бір жақсы ісі. Бұрынғы бос тұрған ғимаратты күрделі жөндеуден өткізіп, аршыған жұмыртқадай әдемі етіп әрлеп, тұрғындардың игілігіне ұсынғанына мыңбаевтықтар дән риза болған еді. Сыртқы келбеті ауылға көрік беріп, іші адамның жайлы тұруы үшін барынша қолайлы етіп жабдықталып, ыстық, суық су тартылып, кәріз жүйесі орнатылған. Табиғи газбен жылытылатын 38

пәтерлі баспананың маңдайшасында «Жақсылық» тұрғын үй кешені» деп жазылған. Мұндағы екі бөлмелі – 11, бір бөлмелі 27 пәтерге 100-ден астам тұрғын қоныстанды. Аумағында автокөлік тұрағы, балалардың ойын алаңы бар. Шаруа қожалығының иесі осылайша «Қолжетімді баспана» бағдарламасына да кезінде қомақты үлесін қосқаны еді.

Егер Мыңбаев ауылына бара қалсаңыз, оның қолтаңбасы сайрап жатқанына өзіңіз де куә болар едіңіз. Үлкен жолдан жырақтағы елдімекеннің көркеюіне көп үлес қосқан асыл азамат Жақсылық Үшкемпіровтің сіңірген еңбегі расында ерен. Белгілі кәсіпкер облыстық мәслихаттың депутаты болған жылдарда халық қалаулысы ретінде де өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына айтарлықтай үлесін қосқаны анық.

Елдің бұрынғы Президенті оған «Қазақстанның Еңбек Ері» атағын тапсыру сәтінде қолын қысып тұрып, меценаттық жұмыстарын атап өткені елдің есінде. Артынша тілшілер атымтай жомарттығы жөнінде жазып жатты. «Ауылды көркейту –

қаржыға күрделі жөндеуден өткізіп, құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп, жұмысын тиісті деңгейде жолға қойды. Мұның барлығының артында еселі еңбек, қомақты қаржы, қымбат уақыт жатыр. Осылайша ауылда спорт кешені, балабақша, қолжетімді көппәтерлі тұрғын үй ашылып, тұрғындар көгілдір отынның игілігіне де қол жеткізген еді.

Сол нысандардың ашылу салтанатына газет тілшісі ретінде қатысып, өзімен бірнеше рет жүздескенбіз. «Молшылыққа қол жеткізген әрбір азамат айналасындағы адамдарға ауылдастарына көмектесуге міндетті Тәуелсіз ел атанғалы қаншама адам істің көзін тауып байыды. Солардың ішінде ақшасын осы елдің игілігіне жұмсаудың орнына миллиондан сыртқа жөнелткендері қаншама. Оны шетел асырғанша, өз Отанының қажетіне жаратса игі еді. Қалталылардың көбі ақшамды біліп қоймаса, маған ешкім тиіспесе екен деп ойлайды. Ол түбірімен қате піғыл. Қазақ: «Барымен базар», – деген. Олардың табысқа кенелуі сондай мүмкіндікті берген мемлекетіміздің арқасы емес пе? Ендеше, қаржы да осы елдің игілігіне жұмыс істесін. Қазіргі менің Мыңбаев ауылындағы тірлігімнің барлығын келешек ұрпақ үшін жасадым деп есептеймін. Елдің қамы үшін сондай шаруаларды менен басқалар да істесе екен деймін», – деген еді сондай күндердің бірінен.

Бұл тұрғыдағы тілегін Жақсылық Үшкемпіров Ақордадағы кездесуде арнайы марапат тапсырған Президентке айтқан еді. Ол: «Қазақстанда көп болса, бес мыңнан аса ғана ауыл бар шығар. Сол бес мың ауылды өз қамқорлығына алатын бес мың қазақтың жігіті табылмайды дейміз? Табылады! Әрқайсымыз бір-бір ауылды қолға алып, көтеріп жіберсек, ұрпақ үшін одан асқан қандай бақыт болуы мүмкін?! Менің басты бір арманым – осы. Отанын, туған жерін сүюді, өз елінің патриоты болуды біз осындай нақты істермен көрсете білсек, қанекей! Бұл жастарға үлгі болар еді. Маған қарап, менің артымнан жастар ерсе екен деймін. Қаржыны осындай игілікке іске салып, ауылды түлетуге атсалысу неткен ганибет! Ауылдың жағдайы жақсарса, жас мамандар да көптеп келетіні анық. Туған жерге ту тігуі біз осылай түсінуіміз керек», – деген болатын.

Атымтай жомарттығы асыптасығаннан емес, қазақ деген ұлы халықтың бір перзенті болғандығынан деп білеміз. Әйтпесе ол да ауылдан шыққан қарапайым бір казак баласы еді. Елге қызмет етуді өзіне парыз санады. Жетістікке жетсе, ол – еңбекқорлықтың жемісі. «1980 жылы Мәскеу Олимпиадасының чемпионы болғанымда, сол кездегі бір «Жигули» көлігінің құнына да жетпейтін бес мың рубль ғана алғанмын. Ал қазіргі чемпиондарға жүздеген мың доллар береді, оған қоса «Джип», пәтер сыйлайды. Қазір заманымыз жақсы, еліміздің еңсесі биіктеп, Ұлы дала елі түрленіп, түлеп келеді. Соның кәдірін түсініп, барымызды бағалай білуіміз керек», – деген еді халқының аяулысы.

Жақсылық ағаның соңында осындай өнеге қалды.

Жамбыл ауданы

● ЖАҢА КІТАП

Өтеген батыр кентіндегі Мәдениет үйінде Іле аудандық тілдерді дамыту орталығының директоры Бақытқұл Каршалованың «Іленің ірі тұлғалары» атты кітабының тұсаукесері өтті. Бақытқұл Бектенқызы – «Білім беру саласының үздігі», «Еңбек үздігі», «Қазақ мәдениетінің қайраткері» төсбелгілерінің иегері.

Іле ауданы кезінде қазақ жерінің азаттығы үшін арналысқан Өтеген, Жәпек, Жайнақ, Тойшыбек сияқты батырларымен ғана емес, қазақ мәдениеті мен өнеріне өлшеусіз үлес қосқан айтулы тұлғаларымен де танымал. Олардың қатарында Асқар Токпанов, Нұрғиса Тілендиев, Әнуар Молдабеков, Гүлжиян Ғалиева, Торғын Тасыбекова, Атымтай Қисанов, Мұхамеджан Түймебаев сияқты кешегі кеңестік кезеңде мәдениет пен өнеріміздің қалың жұртқа танытқан көрнекті тұлғалар бар. Автор өңірдің осындай тұлғаларын қамтып, сәтті бір шығармасын өмірге әкелген.

Іле аудандық кітапханасында өткен кітаптың тұсаукесеріне Қазақстан Жазушылар одағының басқарма мүшесі, деректі проза кеңесінің төрағасы Марат Тоқашбаев қатысып, жинақ туралы жылы пікірлер бөлісті. Облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы бас директорының орынбасары Индира Рахымқызы кітап авторының еңбекқорлығын атап өтіп, басшылықтың арнайы құттықтауын табыс етті. Сондай-ақ Іле аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Әмзе Әлдибекұлы, аудандық аналар кеңесінің төрағасы Мейрамқұл Түйебайқызы, Іле аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы Ардақ Ахметжанқызы, Алатау қалалық қоғамдық келісім және даму орталығының

Өлкетануға қосылған үлес



директоры Ғабит Сембиев ізгі тілектерін білдіріп, жинақтың оқушылар мен жастарға өңірден шыққан тұлғаларды таныстыруда елеулі рөл атқаратынын жеткізді.

Бақытқұл Бектенқызы Алматы облыстық «Жетісу», Алматы қалалық «Алматы ақшамы» газеттерінде, ҚР Жоғарғы Кеңесінің органы – «Халық кеңесі» апталығында қызмет істеген. ҚР Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінде, ҚР Құрылыс және тұрғын үй

министрлігінде түрлі қызметтер атқарып, мол тәжірибе жинақтаған. Ол ширек ғасырға жуық уақыт Іле ауданында түрлі жауапты қызмет атқарып келеді. М.Мақатаев атындағы №13 орта мектепте директорын тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Іле аудандық әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы болып қызмет істеді. 2010 жылдан бері облыстық «Тіл» оқу-әдістемелік орталығының Іле аудандық филиалының меңгерушісі.

Мемлекеттік тілге деген жанашырлық бүгінде Бақытқұлдың басты миссиясына айналды. Аудан көлемінде тілді дамытуға байланысты көптеген іс-шара ұйымдастырып келеді. Осылайша ол өңір мәдениетінің алға басылуына өз үлесін қосуда. Оның «Іленің ірі тұлғалары» атты кітабы – өңірдегі өлкетану саласын насихаттауға арналған бағалы еңбек.

Раушан ЫНТЫМАҚҚЫЗЫ
Іле ауданы



● ӨНЕГЕ



Киелі Балқаш өлкесінің төл перзенті, шаруашылықтың сан саласында жастайынан еңбек етіп, Күрті аудандық атқару комитетінің төрағасы, Балқаш аудандық ет комбинатының директоры қызметін атқарып, ел құрметіне бөленген, Алматы облысының және Балқаш ауданының Құрметті азаматы Балтағұл Молдақасымұлының өмір жолы туралы ой өрбітпекпіз.

ЕЛ ҚҰРМЕТТЕГЕН ЕЛ АҒАСЫ

Балтағұл ағаның ата-бабалары Балқаш ауданының Бояулы ауылында тіршілік кешкен. Атасы Сабырбай осы аймаққа аты шыққан, медресе салып, бала оқытып, шәкірттер тәрбиелеген діндар адам болған. «Әке көрген ок жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей, өз әкесі Молдақасым да арабша жаза алатын сауатты, ұжымшар басшысы болып, көп жыл қажырлы еңбек еткен жан еді. Аудан басшылары ол кісіні жаңашыл басшы ретінде құрметтеген.

Балтағұл аға – атадан қалған жалғыз тұяқ. Ол он жасында әкесінен айырылып, анасымен қалады. Жастайынан жұмыс пен оқуды қатар ала жүріп, мектепті аяқтап, Алматы зоотехникалық малдәрігерлік институтына түседі. Студенттік өмірдің қызығы мен қиындығын бір адамдай бастан өткереді. Достыққа адал жандардың ортасынан табылады.

Сол достарымен студенттік кезеңнен кейін де араларын үзбей, туған ағайындай болып, араласып кетеді. Әсіресе институтқа түсер алдында танысқан жерлесі, менің ағам Болатхан Баймолдаевпен жастық шақта бір үзім қара нанды бөлісіп жеп, бірге жүреді. Студент кезінен белсенді болып, оқу мен қоғамдық жұмыстарға қатар араласады. Институттың спорт секциясына жазылып, бос уақытын бекер өткізбей тиімді пайдаланады. Институт қабырғасында оқып жүрген жылдары курстастары көбіне Балтағұл ағаның ақылына жүгінетін. Өйткені курстастарының біреуінің жасы үлкен, біреуі кіші, көбісі мектеп қабырғасын бітіре салып оқуға түскендер. Ал Балтағұл аға оқуға түскенше жұмыс істеп ысылған, өмір сынағыммен ерте есейген азамат.

Алға қойған мақсаты – барлық жағынан қатарынан қалмау емес, озық болу, сабағын жақсы оқу. Сол үшін де бос уақытында кітапханаға барып білімін ұдайы жетілдірді. Құрбы-құрдастарының да көңілін қалдырмай, қиналғандарына қолұшын беру, қамқорлық жасау да оның өмірлік қағидасына айналды. Бұл – ата күші мен ана сүтімен дарыған ағамыздың бойындағы асыл қасиет.

Студенттік өмірінің бір белесі – ақылына көркі сәйкестігі Қазақстан облысының тумасы, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының түлегі Жанкүміс жеңгемізбен ынтымағы жарасқан отбасын құруы.

Оқуын бітірген соң ағамыз Жанкүміс жеңгемізбен бірге туған ауылына оралды. Бірден-ақ Баканастағы аудандық малдәрігерлік станса бөлімінің санотрядына басшы болып орналасты. Қолдарында сиясы кеппеген жоғары білімдері туралы дипломдары бар екі жастың ендігі мақсаты – институт қабырғасында алған білімдерін ел игілігіне жұмсау.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын, жаманның жамандығын айт, құты қашсын» деген сөз бекер айтылмаса керек-ті. Осы орайда алдыңғы толқын ағалардың қамқорлығын айта кеткен жөн. Ел арасында беделді, көп жыл ауданды басқарған, көпті көрген әділ басшы ретінде танылған аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Аниятолла Ахметов ағамыз бен осындағы мекеме басшылары да шетке теппей, қолдарынан келген жақсылығын жасады. Жас отбасының өмір жолы дұрыс басталуына Тоқтасын Сатыбалдиев, Қалтай Шымырбаев, Кеңесхан Қожабеков, Айтжан Есімов ағалар қамқорлық жасап, жұмысқа тұруына, тұрғын үймен қамтамасыз етілуіне көмектескен. Бұл жайында Балтағұл ағамыз бен Жанкүміс жеңгемізбен жиі айтып отырды. «Әкем өлсе де әкенің көзін көрген өлмесін» демекші, бұл адамдардың

қамқорлық жасауы ағамыздың текті атаның ұрпағы екенін білетін болғандықтан шығар. Оның үстіне кадр тәрбиелеу, жас мамандардың қабілетін көрсетуіне мүмкіндік беру, өз ісінің шебері болуына жағдай жасау сынды сол кездегі ұстанымдардың да жастарды қолдауға игі ықпал еткені сөзсіз.

Біршама уақыт өткеннен кейін аудандық партия комитеті Балтағұл ағаның қолынан іс келетін кәсіби маман, шебер ұйымдастырушы екеніне көздері жетіп, аудандағы іргелі шаруашылық «Ақкөл» кеңшарына бас мал дәрігері етіп жібереді. «Жас келсе – іске» демекші, жас маман ветеринария саласына байланысты шаруашылықтағы кәсіби қабілетін көрсетіп отырады. Ағаның зайыбы Діна апай Жанкүміс жеңгеміздің бір әулеттің бетінен қақпай еркелетіп өсірген қызы екенін ескеріп, оның үстіне «әр елдің заңы басқа» дегендей, бұл жердің өмір салтын дағдыға өз ерекшелігін түсіндіріп, үйретеді.

Иә, бұл – өмір мектебі. Үлкендер кішілерге өнеге көрсетуі, жол сілтеуі, қамқорлығын танытуы заңдылық.

Ақкөл шаруашылығы да ынтымағы жарасқан орта. Ел-жұрты құрметтеген көптеген республикаға танымал азаматтарды тәрбиелеп шығарған қасиетті жер. Шаруашылықта істеген кезінде Балтағұл аға өзінің білікті маман, іскер азамат, ұжымда беделге ие жан екенін көрсете білді. Шаруашылық басшысы үнемі онымен санасып, ақылдасып отыратын. «Алмас қылыш қап түбінде жатпайды», мықты маман қай ортаға да керек. Сырттан қадағалап, бақылап, мамандардың қабілетін саралап отырған партия комитеті Балтағұл ағаны Күрті ауданындағы «Бозой» кеңшарына басшы етіп тағайындайды. Ол кезде директорлық лауазымға жету екінің бірінің маңдайына жазыла бермейтін. Кеңшар директоры – Қазақстан компартиясының номенклатурасында тұрған лауазым. Директорлыққа бұйрықты Ауыл шаруашылығы министрлігі береді. Ол уақыт «Бозой» шаруашылығының шатқаяқтап тұрған кезі еді. Шаруашылықтың басты кәсібі – мал шаруашылығы мен егін егу, көкөніс өндіру.

«Шешінген судан тайынбас», мойнына қамытты киің деген, шаруаны түзету, жыл қорытындысын пайдамен аяқтау – басты мәселе. Сонымен бірге қарамағындағы елдің әлеуметтік жағдайын жақсарту, ауылды абаттандыру, жұмысшыларға, жас кадрларға жағдай жасау, тұрғын үймен қамтамасыз ету, мектеп пен балабақшаға қамқорлық көрсету де кеңшар басшысының міндеті. Ол кездегі шаруашылықтағы жағдай күрделі еді. Кеңсеге, мектепке, балабақшаға орталық жылыту қазандығына тартылған құбырлар әбден жұқарып, ескірген. Шірігені сонша, үстінен қатты бассаң, саусағың кіріп кетеді. Шаруашылықтың ұйымдастыру жұмысынан гөрі осы мәселелерді шешу қиынға соқты. Балтағұл аға түрлі қиындықты көріп, жас шағынан шындалған жан емес пе? Аз уақытта мұның да жолын тауып, шаруашылықтағы басты бағыттар бойынша жұмыс жүргізіп, «Бозой»

шаруашылығының табысын еселеп, қозы алу, ет өткізу, мал басын көбейтіп, шығынын азайту, өнім сапасын жақсартуға қол жеткізеді. Астық өнімі мен бау-бақша өндірісі дұрыс жолға қойылып, Алматы қаласын көкөніспен қамтамасыз етуге үлес қосады. Балтағұл аға кеңшарды басқарған жылдарда «Бозой» шаруашылығының экономикалық, әлеуметтік жағдайы жақсарып, үлкен жетістікке жетіп, облыс, аудан назарына ілініп, марапаттар алады.

Облыс басшылары орталық комитетпен келісе келе, Балтағұл ағаны енді Күрті аудандық атқару комитетінің төрағасы етіп тағайындайды. Бозой тұрғындары, жұмысшылар, малшы қауымы, шаруашылық қызметкерлері дастарқан жайып, жүрекжарды лебіздерін айтып, ағаны қимастықпен шығарып салады. Балтағұл ағамен сөйлесе қалғанда осы сәтті елжірей еске алып: «Мені халық осыншама құрметтеп шығарып салады деген ой қаперіме кірмепті. Осынау тілектес, жандүниесі таза, кеңпейіл адамдардың аз да болса менің атқарған жұмысыма он баға беріп құрмет көрсеткендері әлі де көз алдымнан кетпейді. Ол адамдардың ақ көңілі мен шынайы пейілдерін ешқашан ұмытпаймын», – деп ағынан жарылады.

Күрті аудандық атқару комитетінде қызмет істеген жылдары да өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына

білікті басшы ретінде өз үлесін қосты. Ауданның осы жылдары табысы еселеніп, жетістіктерге жетті.

Уақыт өте келе жаңадан салынып жатқан Балқаш ауданы Бақанас ауылындағы ет комбинатына бас директорлыққа тағайындалып, оның құрылуына бастап, кадрмен қамтылып, толыққанды жұмыс істеуіне дейін тынымсыз төрт төкті. Аудан экономикасының артуына ет комбинаты үлкен үлес қосты.

Осылайша қажырлы еңбек еткен Балтағұл аға жасының келуіне байланысты зейнеткерлікке шықты. Жанкүміс жеңгеміз ағаның қызмет бабының ауысуына қарай әр жерде түрлі қызметтер атқарды. Балабақша, кітапхана меңгерушісі болды. Балтағұл аға қуанса бірге қуанып, қиыншылығын бөлісіп, ең бастысы жабырқағанда жанында демеу дамуына өз үлесін қосып жүрген жеке кәсіп иесі. Елдос болса, заң саласының қызметкері. Барлығы жоғары білімді азаматтар.

Бүгінде Айтат – республикалық деңгейдегі алдыңғы қатарлы денсаулық сақтау мекемесінің басшысы. Азамат – танымал кәсіпкер, меценат. Алмас та еліміздің дамуына өз үлесін қосып жүрген жеке кәсіп иесі. Елдос болса, заң саласының қызметкері. Барлығы жоғары білімді азаматтар.

Балтағұл аға қайда жүрсе де өз туған жерін, кіндік қаны тамған ауылы – Бояулыны естен шығарған емес. Ауылдағы ағайын-туысқа, той-жындарға жиі барып тұрады. Жерлестеріне қамқорлығын көрсетіп, көмек қолын созып келеді.

Ағаның бойындағы ерекше қасиеті – қандай қиын жұмыс болса да содан нәтиже шығармай тынбайтыны, еңбекқорлығы, кішіпейілділігі, адамдармен тіл табыса білетіні, кез келген жаңға көмек беруге дайын тұратыны. Ағамыздың бойындағы бұл қасиет балаларына да дарыды. Азамат ініміз еліміз егемендік алғаннан бастап кәсіпкерлікпен айналысып келеді, бүгінде республика көлеміндегі алдыңғы қатарлы бизнесмен. Үлкен атасы Сабырбайдың жолын қуып Алланың ақ жолына түсті.

Балтағұл ағаның ақылымен Бояулы ауылынан мешіт салдырып, діни оқу орталығы – медресе ашты. Медресе кітапханасына Сауд Арабиясынан орта Азияда жоқ 12 мың діни кітап әкелді. Медресенің салтанаты ашылуына Қазақстан Республикасының бас имамы өзі арнайы келіп қатысты.

Ауылға мектеп, монша салды, көшелерге ағаш егіп абаттандырды, жолды асфальттап, су жүйесін жөндеп, көшені жарықтандырып, ауылды газбен қамтамасыз етті. Балаларға арналған ойын алаңы бар саябақ ашып, елді қуантты. Бояулы ауылы Азамат ініміздің қамқорлығымен еліміздегі инфрақұрылымы дамыған, абаттанған алдыңғы қатарындағы көрікті ауылға айналды. «Тұлпардың ізін тай басадь» деген халқымыздың даналығының көрінісіндей, Сабырбай, Молдақасым аталары мен әкесі Балтағұл ағаның жолын Азамат жалғастырды.

Жанкүміс жеңгемізбен өмір жолында қол ұстасып бірге келе жатқан, бүгінде Алматы облысының Балқаш ауданының Құрметті азаматы атанған, бірнеше мемлекеттік, облыстық, аудандық дәрежедегі марапат иесі, қадірменді ел құрметтеген ақсақал, Балтағұл ағамыздың отбасына амандық, деніне саулық, ұзақ ғұмыр тілей келе, «80-ге келген жасыңыз құтты болсын, ұрпағыңыз өсіп-өніп, әулетіңіздің абыройы асқақтай берсін!» демекші.

Тынышбай ДОСЫМБЕКОВ,
мемлекет және қоғам қайраткері

● ЧЕРНОБЫЛЬ АПАТЫНА – 40 ЖЫЛ

ҰҢЫТЫЛМАС ЕРЛІК

Алатау қаласы «Құйған» ықшамауданындағы №8 орта мектепте «Чернобыль қасіретіне – 40 жыл. Ерлікке тағзым» тақырыбында тағалымы терең, мазмұны бай, рухани әсері зор сұхбаттасу кеші жоғары деңгейде өтті. Бұл шара өткенге тағзым, ерлікке құрмет, жас ұрпаққа өнеге беруді мақсат еткен маңызды рухани бас қосу болды.

Шара барысында қонақтарды қарсы алуға мектеп алдында ұлттық нақышта безендірілген «Қазақ үйі» бұрышы жасалды. Бұл бұрышта қазақ халқының салт-дәстүрі мен қонақжайлығы кеңінен дәріптеліп, келген меймандарға ерекше ықылас көрсетілді. Қонақтар ақ дастарқаннан ауыз тиіп, қазақы құрметтің куәсі болды. Мектеп басшысы Жұлдыз Тайырқызы ұжымымен бірге келген қонақтарды жылы қарсы алып, ілтипат білдірді. Бұл сәт шараның мазмұнын ашып, ұлттық құндылықтар мен тәрбиенің сабақтастығын айқындай түсті.

Кеш шымылдығы мектеп оркестрінің орындауындағы «Ата толғауы» күйімен ашылып, көрермендерді терең ойға жетеледі. Кеш тізгінін ұстаған Марат Жеңістің мазмұнды сөзі шара мәнін айқындап, қатысушыларға ерекше рух сыйлады. Кештің басты қонағы Құйған ауылының тумасы, Чернобыль апатының зардабын жоюға қатысқан батыр, қоғам қайраткері Нұрхайың Мұхиддинов болды. Оның өмір жолы мен ерлігі – бүгінгі ұрпаққа үлгі. Қиын кезеңде қауіпке қарамастан ел үшін қызмет еткен тұлғаның еңбегі ерекше құрметке ие. Іс-шараға арнайы шақырылған құрметті қонақтар қатарында қоғам қайраткерлері мен ардагерлер өз ойларымен бөлісіп, жастарға тағалымды кеңесін жеткізді. Сонымен қатар, Алатау қаласының әкімдігі мен білім бөлімінен келген қонақтар да сөз алып, кештің маңызын арттырды.



Басқосуда №8 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, гуманитарлық ғылымдар магистрі Айна Манарбекқызы мазмұнды баяндама жасап, батырларға арнаған «От жүректі батырлар» атты өлеңін оқыды. Бұл туынды көрерменнің жүрегіне жетіп, ерекше әсер қалдырды.

От жүректі батыр болып туғандар, Жалындаған от ішінде тұрғандар, Қайсарлық пен қиындыққа мойымай, Халық үшін белді бекем бұғандар, – деген ол Чернобыль ардагерлеріне жырлан шашу шашты. Аталған мектептің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Диана Жандосқызы да «Ерлікке тағзым» атты жүрекжарды арнау өлеңін оқыды. Бұл өлең кештің мазмұнын тереңдеті түсіп, батырларға деген құрмет сезімін одан әрі арттырды.

Кеш барысында оқушылар мен қонақтар арасында мазмұнды сұхбат өрбіді. Жастар өз сұрақтарын қойып, қонақтардан өмірлік тәжірибеге толы жауаптар алды. Патриоттық тәрбие, тарихты ұмытпау, ардагерлерге құрмет көрсету жайлы маңызды ойлар айтылды. Келесі бөлімде оқушылардың өнері көпшілік көңілінен шықты. «Аққу» және «Жетіген» билері орындалып, хор ұжымы әсерлі әндер шырқады. Венера Ақбаева мен Нұргүл Исаеваның орындауындағы «Қазағым жасасын» әні кештің ең маңызды бөлігіне айналды. Сонымен қатар Нұрхайың Мұхиддинұлының құрметіне ұлттық спорт түрі – асық ату турнирі ұйымдастырылды. Бұл бастама ұлттық құндылықтарды дәріптеудің жарқын көрінісі болды. Шара соңында құрметті қонақтар мектеп ауласына шырша қошеттерін отырғызып, игі істің жалғасын көрсетті.

Бұл тағалымды кеш – ерлік пен елдікті ұлықтаған, өткен мен бүгінді жалғаған, болашақ ұрпаққа бағыт-бағдар берген маңызды рухани шара ретінде көпшілік жадында сақталары анық.

Гүлнәз КЕҢЕСБАЕВА
Алатау қаласы

● ЦИФРЛАНДЫРУ

Өркениет бастауы

Бүгінде кітапхана ісі заман талабына сай жаңарып, басқару жүйесіне жаңа технологиялар мен әдістер енгізілді. Соның нәтижесінде кітап қорын сақтау, оқырманға қызмет көрсету сапасы жоғары деңгейге көтерілді. Адам құндылықтарды дәріптейтін жаңа еңбектер оқырманға жол тартып, көпшіліктің ықыласына бөленуде. Электронды кітап қорлары мен ұлттық электронды кітапхананың дамуы кітапқа қолжетімділікті арттырып, білімді тереңдетуге, оқу мәдениетін қалыптастыруға және оқырман қызығушылығын күшейтуге ықпал етіп отыр.

Осы тұрғыдан келгенде Алматы облыстық әмбебап кітапхана 2019 жылдан бері мемлекеттік тапсырыспен, сыйға тартылған және жергілікті қаржы есебінен алынған жаңа әдебиеттерді «WEB-RABIS» бағдарламасы арқылы электронды каталогқа енгізе бастады. Ал 2023 жылдың наурыз айынан бері «СабирБис» бағдарламасының «Комплектования» мен «Каталогизатор» модульдері іске қосылып, жүйелі түрде оқырманға ұсынылуда. Бұл тәжірибе аудандық кітапхана қызметкерлеріне де үйретіліп, тәжірибе алмасу шаралары нәтижесінде бүкіл облыс көлемінде кітаптар электронды базаға енгізілді.

«Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясындағы ізденістер де өз нәтижесін беріп жатыр. Басшылармен мен ғылыми еңбектерді, мәдени маңызды өлкетану құжаттары мен сирек кездесетін қолжазбаларды сандық форматқа көшіру бағытында белсенді жұмыс атқарылып келеді. Бұл үрдіс ұлттық мұраны жоғалтпай сақтауға, құндылықтарды болашаққа жеткізуге септігін тигізеді.

Кітапханалық қызметтің жаңа түрінің бірі – QR-код жүйесі. Кез келген смартфон иесі камера арқылы қажетті ақпаратқа лезде қол жеткізе алады. Бұл оқырман үшін уақытты үнемдеп, дерекке тез әрі нақты жол табуына тиімді тәсілі болып отыр. Соңғы жылдары ҚР Ұлттық академиялық кітапханасы тарапынан электронды мемлекеттік кітапхана қоры жасалып, ақпараттық теңсіздікті төмендетуге бағытталған ауқымды жұмыс қолға алынды. Қазақстандық ұлттық электронды кітапхана қорының толықтырылуы кітапхана ісінің жаңа серпіні алуына ықпал етті. Бүгінде облыс кітапханалары сирек әрі құнды кітаптармен толықтырылып, кез келген оқырман KazNEB порталы арқылы kazneb.kz сілтемесіне кіріп, интернет арқылы электронды каталогтарды пайдалана алады. Бұдан өзге құжаттардың көшірмесін тапсырыс беріп немесе толық мәтінін оқуға мүмкіндік бар.

Кітапхана – ұлттық рухтың айнасы. Ол ұрпақтан-ұрпаққа аманатталған құндылықтар, тарих пен мәдениетті, әдебиет пен салт-дәстүрді сақтап, кейінгі буынға жеткізетін алтын қазына. Сондықтан да кітапхананы жаңғырту, оны инновациялық деңгейде дамыту – үлкен жауапкершілік. Әлемдік кітапхана ісінің үздік тәжірибесін пайдаланып, заманауи инновациялық жобаларды енгізу арқылы ғана Қазақстан кітапханалары халықаралық деңгейде мойындалған мәдени-ағартушылық орталыққа айнала алады.

Мақпал АНДАС,
Алматы облыстық орталық әмбебап кітапханасының қызметкері



ӨНЕР

Кеген аудандық Мәдениет үйінде жергілікті өнерпаз Мақсат Бөтевтің «Мақсатым – мәнді, өнерім – мәңгі» атты шығармашылық кеші өтті.

Дәурен ӘБУТӘЛІПОВ

Мақсат Мәжитұлы 1976 жылы Кеген өңірін өнерімен тәнті еткен Бөтевтер отбасында дүниеге келген. Жастайынан түрлі музыкалық аспапты меңгеріп, әншілік қабілетімен танылды. Кеген қазақ мектебін ойдағыдай тәмамдап, Қаскелең қаласындағы мәдени-ағарту колледжінде білім алды. Еңбек жолын музыка пәні мұғалімінен бастаған. Одан кейін Ақтаста ауылдық клубының меңгерушісі болды. Қазір аудандық Мәдениет үйінде көркемдік жетекші әрі «Ереуіл» халықтық

ӘН ҚАНАТЫНДА

фольклорлы-этнографиялық ансамблінің жетекшісі ретінде табысты еңбек етуде. Ол басқаратын ұжым облыстық, республикалық байқауларда жүлделі орындарға ие болды. 2019 жылы Талдықорғанда өткен «Ғасырлар үні» фестивалінде I орынды жеңіп алды. Өнер иесі «Үздік мәдениет қызметкері» атанып, облас әкімінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Кеш барысында өнерпаздың шығармашылық жолы кеңінен таныстырылып, репертуарындағы таңдаулы әндер жанды дауыста орындалды. Кеген ауданы әкімінің орынбасары Кеңес Қабылбеков: «Бүгін өнер саласында өзіндік орны бар әулеттің қуанышында бас қосып отырмыз. Мақсат Мәжитұлының 50 жасқа толған мерейтойы құтты



Кеген ауданы

ТУРНИР

Бейбіт күннің батырына арналды



Балқаш ауданындағы Аралтөбе орта мектебінде ересектер арасында волейболдан бейбіт күннің батыры Бейсетай Дәуренбековті еске алуға арналған турнир өтті. Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын спорттық сайысқа аудандық «Бірлік» кәсіподақ ұйымы, Бейсетай Дәуренбековтің ұрпақтары және Аралтөбе ауылының азаматтары демейшілік жасады.

Спорттық шараның ашылу салтанатында сөз кезегін алған құрметті қонақтар марқұмның тіршілікте ел-жұртқа сіңірген еселі еңбегін айтып, республикалық телеарналарда «Айтуға оңай», «Шын жүректен», «Жаныңда жүр жақсы адам» бағдарламаларына қатысқанын және Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен «Құрмет» орденімен, Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» медалімен марапатталғанын әңгіме өзегіне

айналдырып, ол кісінің бойындағы адамгершілік қасиеттеріне баса тоқталды.

Ақжар ауылдық округінің әкімі Айдын Үркінбаев, аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің бас маманы Еркебұлан Исатаев және Балқаш аудандық білім бөлімінің әдіскері Шыңғыс Баубеков Бейсетай Дәуренбековтің зайыбы Жолдыбала Окасова мен ұл-қыздарына құрмет көрсетті.

Тартысты өткен сайыс барысында қатысушылар бар ынта-жігерін салып, жеңіс тұғырынан көрінуге ұмтылды. Аудандық турнирді қорытындылай келгенде, Ақкөл командасы бірінші орынды жеңіп алса, Бура ауылының спортшылары екінші орынды еншіледі. Ал жүлделі үшінші орынға Аралтөбе ауылының спортшылары табын тіреді. Жеңімпаз командаларға демеушілер тарапынан дайындалған арнайы кубок, грамота, медаль және ақшалай сый-сияпат табысталды.

Марапаттау барысында Аралтөбе командасының намысын қорғаған Абылайхан Рақыш «Үздік ойыншы», Бура ауылының спортшысы Серік Құдабек «Үздік шабуылшы», Балатонар ауылының мақтаншысы Ерсұлтан Жомарт «Үздік қорғаушы» және Ақкөл командасының ойыншысы Дінмұхамед Жұмағелді «Үздік байланыстырушы» номинациясымен марапатталды.

Батырлық деген жауға шауып, отқа оранып, кезеген қарауға қарсы тұрып, атылған окка кеуде тосу ғана емес. Бейбіт күнде де басын тәуекелге тігіп, түрлі қауіп-қатерге қасқайып қарсы тұрған қаһармандарды да осылай айтуға болады. Сондай жүректі азаматтың бірі Бейсетай Дәуренбеков еді. Бейбіт күннің батыры 1972 жылы 18 желтоқсан күні сен жүріп жатқан Іле өзенінен Үшжарма мектебінде оқитын Ақжар ауылының балалары мінген қайық аударылып, суға кетіп бара жатқан 12 баланы ажал аузынан құтқарып қалған. Ол кезде Бейсетай Дәуренбеков небәрі 34 жаста еді. Арада қаншама жыл өтсе де, оның ерлігі ел аузында әлі күнге дейін айтылып келеді.

Бақтығал ДӘУТБАЙ
Балқаш ауданы

ПРИРОДА И МЫ

Защитим лес от пожара

Лес – главное богатство нашего народа, сохранить и заботиться о нем будущим поколениям – наш общий долг, если вы собираетесь в лесной фонд отдыхать, заготавливать дрова, для побочного пользования леса, то для начала лучше не забывать о правилах сохранения леса от пожаров, однако, в любом случае, имейте в виду следующие простые принципы:

Неосторожно брошенные спички, окурки, костры, оставленные без тушения на высохшей дровяной костре или сухой траве, могут стать причиной пожара в лесу при безнадзорном сжигании травы и тростника, заросшего на берегах канав или лугов, лесной пожар помимо колоссальных потерь для общества и природы, приводит к коренному уничтожению различных растений в животном мире и лесу.

Лицо, допустивший возгорание леса, не только возмещает ущерб, причиненный природе, но и несет ответственность по статье 367 часть КОАП РК и статьи 202, 204, 292 УК РК.

Если вы заметили пламя костра в лесу, сделайте попытку немедленно погасить его, в случае отсутствия способа его тушения, сообщите в лесное хозяйство, администрацию сельского округа, районную полицию и пожарную часть.

Телефоны: 101, 102, 2-18-51, 2-17-14, 2-21-82, 2-14-10

Коммунальное государственное учреждение «Лесное хозяйство Карадала» Отдел чрезвычайных ситуаций

ХАБАРЛАНДЫРУ

«БЕРЕКЕ ВТД» ЖШС «Қосөзен-2 кен орнындағы тау-кен жұмыстарының жоспарына» қатысты ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Әсер етуі мүмкін аумақ: Алматы облысы, Іле ауданы, Қараой а. о.

Учаскенің бұрыштық нүктелерінің географиялық координаттары: 1) 49°23'40" С.Ш. 82°05'22" В.Д.; 2) 49°23'44"С.Ш. 82°05'26" В.Д.; 3) 49°23'50"С.Ш. 82°05'33" В.Д.; 4) 49°23'51"С.Ш. 82°05'37" В.Д.; 5) 49°23'50"С.Ш. 82°05'43" В.Д.; 6) 49°23'45"С.Ш. 82°05'39" В.Д.; 7) 49°23'42"С.Ш. 82°05'34" В.Д.; 8) 49°23'39"С.Ш. 82°05'29" В.Д.; 9) 49°23'38"С.Ш. 82°05'25" В.Д.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 23 маусымда сағат 15:00-де келесі мекенжайда өтеді: Алматы облысы, Іле ауданы, Қараой а.о., Қосөзен а., мектеп ғимаратында (Абай көшесі 1). Өзіңізбен бірге жеке куәлік болуы қажет. Сондай-ақ қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасы арқылы бейнеконференция режимінде онлайн түрде қолжетімді болады: <https://us06web.zoom.us/j/82835660153?pwd=Q7ur4b3HoknEbw0O8OrQ5G9J8Uur2M.1> Конференция идентификаторы: 828 3566 0153. Код жеткізу коды: 918698.

Тапсырыс беруші-инициатор: «БЕРЕКЕ ВТД» ЖШС, 050060, ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Журавлев көшесі, 9, 241040019091, Жолсейітов Б.А., тел.: +7 702 225 2227.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында және «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ (<https://www.gov.kz/memleket/entities/almolb-tabigat/?lang=kk>) сайтында орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында, сондай-ақ 329267eco@mail.ru электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Қосымша ақпаратты жоба әзірлеушісінен алуға болады: «РУДПРОЕКТ» ЖШС, Астана қ., М.Жұмабаев даңғылы, 8, 2-қабат, тел.: 8 705 553 6297, e-mail: rudproject@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «БЕРЕКЕ ВТД» проводит общественные слушания по Отчету о возможных воздействиях к «Плану горных работ на месторождении Косөзен-2».

Территория, на которое может быть оказано воздействие: Алматинская область, Илийский район, Караойский с.о.

Географические координаты угловых точек участка: 1) 49°23'40" С.Ш. 82°05'22" В.Д.; 2) 49°23'44"С.Ш. 82°05'26" В.Д.; 3) 49°23'50"С.Ш. 82°05'33" В.Д.; 4) 49°23'51"С.Ш. 82°05'37" В.Д.; 5) 49°23'50"С.Ш. 82°05'43" В.Д.; 6) 49°23'45"С.Ш. 82°05'39" В.Д.; 7) 49°23'42"С.Ш. 82°05'34" В.Д.; 8) 49°23'39"С.Ш. 82°05'29" В.Д.; 9) 49°23'38"С.Ш. 82°05'25" В.Д.

Слушания состоятся 23 июня 2026 г. в 15:00 ч. по адресу: Алматинская область, Илийский район, Караойский с.о., с.Косөзен, в здании школы (улицы Абая 1). При себе необходимо иметь удостоверение личности. Также общественные слушания будут доступны в режиме онлайн посредством видеоконференции на платформе ZOOM: <https://us06web.zoom.us/j/82835660153?pwd=Q7ur4b3HoknEbw0O8OrQ5G9J8Uur2M.1> Идентификатор конференции: 828 3566 0153 Код доступа: 918698.

Заказчик-инициатор: ТОО «БЕРЕКЕ ВТД», 050060, РК, г. Алматы, Бостандықский район, ул. Журавлева, 9, 241040019091, Жолсейітов Б.А., тел.: +7 702 225 2227.

Документация по проекту размещена на сайте <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области» (<https://www.gov.kz/memleket/entities/almolb-tabigat/>).

Замечания/предложения принимаются на <https://ndbecology.gov.kz/>, а также по электронному адресу: 329267eco@mail.ru.

Дополнительную информацию можно получить у разработчика проекта: ТОО «РУДПРОЕКТ» г.Астана, пр. М.Жумабаева 8, 2 этаж, тел. 8-705 553 6297, rudproject@mail.ru.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«БЕРЕКЕ ВТД» ЖШС «Қосөзен-2 кен орнындағы тау-кен жұмыстарының жоспарына» экологиялық рұқсат алу материалдары бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізеді.

Әсер етуі мүмкін аумақ: Алматы облысы, Іле ауданы, Қараой а. о.

Учаскенің бұрыштық нүктелерінің географиялық координаттары: 1) 49°23'40" С.Ш. 82°05'22" В.Д.; 2) 49°23'44"С.Ш. 82°05'26" В.Д.; 3) 49°23'50"С.Ш. 82°05'33" В.Д.; 4) 49°23'51"С.Ш. 82°05'37" В.Д.; 5) 49°23'50"С.Ш. 82°05'43" В.Д.; 6) 49°23'45"С.Ш. 82°05'39" В.Д.; 7) 49°23'42"С.Ш. 82°05'34" В.Д.; 8) 49°23'39"С.Ш. 82°05'29" В.Д.; 9) 49°23'38"С.Ш. 82°05'25" В.Д.

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 23 маусымда сағат 16:00-де келесі мекенжайда өтеді: Алматы облысы, Іле ауданы, Қараой а.о., Қосөзен а., мектеп ғимаратында (Абай көшесі 1). Өзіңізбен бірге жеке куәлік болуы қажет. Сондай-ақ қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасы арқылы бейнеконференция режимінде онлайн түрде қолжетімді болады: <https://us06web.zoom.us/j/87535995858?pwd=pDrBbWkQpJkEC59TTCw3zhoAur0Nw.1> Конференция идентификаторы: 875 3599 5858. Код жеткізу коды: 155749.

Тапсырыс беруші-инициатор: «БЕРЕКЕ ВТД» ЖШС, 050060, ҚР, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Журавлев көшесі, 9, 241040019091, Жолсейітов Б.А., тел.: +7 702 225 2227.

Жоба бойынша құжаттама <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында және «Алматы облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ (<https://www.gov.kz/memleket/entities/almolb-tabigat/?lang=kk>) сайтында орналастырылған.

Ескертулер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында, сондай-ақ 329267eco@mail.ru электрондық поштасы арқылы қабылданады.

Қосымша ақпаратты жоба әзірлеушісінен алуға болады: «РУДПРОЕКТ» ЖШС, Астана қ., М.Жұмабаев даңғылы, 8, 2-қабат, тел.: 8 705 553 6297, e-mail: rudproject@mail.ru.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «БЕРЕКЕ ВТД» проводит общественные слушания по материалам для получения экологического разрешения на воздействие к «Плану горных работ на месторождении Косөзен-2».

Территория, на которое может быть оказано воздействие: Алматинская область, Илийский район, Караойский с.о.

Географические координаты угловых точек участка: 1) 49°23'40" С.Ш. 82°05'22" В.Д.; 2) 49°23'44"С.Ш. 82°05'26" В.Д.; 3) 49°23'50"С.Ш. 82°05'33" В.Д.; 4) 49°23'51"С.Ш. 82°05'37" В.Д.; 5) 49°23'50"С.Ш. 82°05'43" В.Д.; 6) 49°23'45"С.Ш. 82°05'39" В.Д.; 7) 49°23'42"С.Ш. 82°05'34" В.Д.; 8) 49°23'39"С.Ш. 82°05'29" В.Д.; 9) 49°23'38"С.Ш. 82°05'25" В.Д.

Слушания состоятся 23 июня 2026 г. в 16:00 ч. по адресу: Алматинская область, Илийский район, Караойский с.о., с.Косөзен, в здании школы (улицы Абая 1). При себе необходимо иметь удостоверение личности. Также общественные слушания будут доступны в режиме онлайн посредством видеоконференции на платформе ZOOM: <https://us06web.zoom.us/j/87535995858?pwd=pDrBbWkQpJkEC59TTCw3zhoAur0Nw.1> Идентификатор конференции: 875 3599 5858. Код доступа: 155749.

Заказчик-инициатор: ТОО «БЕРЕКЕ ВТД», 050060, РК, г. Алматы, Бостандықский район, ул. Журавлева, 9, 241040019091, Жолсейітов Б.А., тел.: +7 702 225 2227.

Документация по проекту размещена на сайте <https://ndbecology.gov.kz/> и на сайте МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Алматинской области» (<https://www.gov.kz/memleket/entities/almolb-tabigat/>).

Замечания/предложения принимаются на <https://ndbecology.gov.kz/>, а также по электронному адресу: 329267eco@mail.ru.

Дополнительную информацию можно получить у разработчика проекта: ТОО «РУДПРОЕКТ» г.Астана, пр. М.Жумабаева 8, 2 этаж, тел. 8-705 553 6297, rudproject@mail.ru.

ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Сақ стилі» жаңа сериясынан номиналы 500 теңгелік банкноттарды айналысқа шығару туралы

Астана қ.

Қазақстан Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚҰБ) 2025 жылғы 25 желтоқсаннан бастап жаңа дизайндағы номиналы 500 теңгелік банкноттарды айналысқа шығарады.

Бұл – «Сақ стилі» сериясымен шыққан бесінші банкнота. Ол көшпенділер мәдениетінен бүгінгі Қазақстанның бірегей мұрасын қамтып, дәстүрлі қазақы ою-өрнектің түп тамыры саналатын «Сақ стилі» элементтеріне негізделген.

Жаппай қолданысқа жаңа банкнота 2026 жылдың екінші тоқсанында шыға бастайды. Себебі ақшаны еліміздің барлық өңіріне жеткізу үшін және банккомматтар, терминалдар және басқа кассалық техника тәрізді жабдықтарды бейімдеу үшін қосымша уақыт қажет.

Ақша белгісінің дизайны мен пішіні туралы

Банкноттардың түсі – көк.

Бет жағында:

- көкте қалықтаған құспен «Бәйтеректің» бұтағы (Есік қорғаны, б. з. д. 5-4 ғғ., Алтын адам бас киімінің әшекейі, табиғат пен наным байланысының қасиетті мағынасы);
- ДНҚ спиралін және адамның табиғатпен байланысын білдіретін ою-өрнекпен безендірілген шексіздік символы;
- артефакт – Арқардың басы түріндегі әшекейдің фрагменті (Берел қорғаны, б.з.д. 8-7 ғғ., ШКО).

Банкноттың артқы жағында:

- ою-өрнекпен көмкерілген қалқан аясында бейнеленіп тұрған Қазақстанда мекендейтін Арқар;
- негізгі бейненің артында бірнеше мағына беретін қазақы ою-өрнек орналасқан;
- «Қалқан» – құндылықтар қорғанын білдіреді,
- ежелгі символ – дүниенің төрт құбыласы,
- ортасында жасампаз энергияның нышаны ретінде күн белгісі бейнеленген.

– банкноттың ортасында қазақы «шексіздік» ою-өрнегінің контуры салынып, оның ішінде «Мұзтау» тауының ландшафтық көрінісі бейнеленген.

Банкноттарды айырбастау және айналыста қатар жүру кезеңін белгілеу тәртібі туралы

Номиналы 500 теңгелік жаңа банкноттар 2025 жылғы 25 желтоқсаннан бастап айналысқа енгізіледі және



айналысқа жүрген 2017 жылғы үлгідегі номиналы 500 теңгелік ұлттық валюта банкноттарымен (бұдан әрі – ескі үлгідегі банкнот) екі жыл бойы ауыстырылады.

Яғни, ескі үлгідегі барлық банкнот екі жыл ішінде айналыстан біртіндеп алынады. Тиісінше, осы кезеңде халықтың екінші деңгейдегі банктерге (бұдан әрі – ЕДБ) немесе ҚҰБ филиалдарына барып, ескі үлгідегі банкноттарды жаңа банкноттарға айырбастауы қажет емес.

Жаңа және ескі үлгідегі банкноттардың айналыста қатар жүру кезеңі 2025 жылғы 25 желтоқсаннан бастап 2027 жылғы 24 желтоқсанға дейінгі аралықты қамтиды.

Бұл кезең аяқталған соң, яғни 2027 жылғы 25 желтоқсаннан бастап, барлық банк пен Қазпоштада ескі үлгідегі банкноттарды 3 жыл ішінде, яғни 2030 жылғы 24 желтоқсанға дейін жаңа үлгідегі банкноттарға айырбастауға мүмкіндік бар. Ал ҚҰБ филиалдарында оларды мерзімсіз айырбастауға болады.

Жаңа үлгідегі (2025 жылғы) және ескі үлгідегі (2017 жылғы) банкноттар айналыста қатар жүретін кезеңде заңды төлем құралы болып саналады. Төлемдер мен аударымдардың барлық түрін жүзеге асыру үшін, банк шоттарына аудару үшін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында оларды құнына қарай қабылдануы міндетті екенін атап өтеміз.

Жаңа банкноттар еліміздегі ҚҰБ-ның барлық филиалында, Қазпоштада, екінші деңгейдегі банктерде және Қазақстандағы бейрезидент банктердің филиалдарында шектеусіз айырбасталады және ауыстырылады.



Заңды төлем құралына жататын банкноттар мен монеталарды қабылдаудан бас тарту Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік құқықбұзушылық болып саналатынын еске саламыз.

БАҚ өкілдері толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы ала алады:
8 (7172) 77-52-10
e-mail: press@nationalbank.kz
www.nationalbank.kz



● ТҰСАУКЕСЕР



Қонаевта мәдени өмір тағы бір жарқын оқиғамен толықты. Қонаев қалалық Мәдениет үйінде Жастар театрының тұсауы кесілді. Жаңа өнер ұжымы тұңғыш рет көрерменге қазақ поэзиясының мұзбалағы Мұқағали Мақатаевтың 95 жылдығына арналған автобиографиялық спектакльді тарту етті.

ҚОНАЕВТА Жастар театры ашылды

● Ерзат АСЫЛ

Қойылым барысында Мәдениет үйіндегі фойеде фольклорлық ансамбль күмбірлете күй тартып, кештің ажарын аша түсті. Мұқағали поэзиясының қайнар көзі, шабыт тұғыры – туған елі, өскен жері, Отан тағдыры, мұң, сағыныш, дәуір тынысы, қатарластарының арман-аңсары. Сондықтан да автобиографиялық спектакльге ақиық акын мен оның досы Әбдіке Асанов арасындағы бала күннен тамыр тартқан татулық арқау етілген. Сахнада ақынның жанайқайы, махаббат пен мұңға толы әлемі, өмір мен уақыт жайлы терең толғанысы поэзия тілімен өрнектелді. Сөз, үнсіздік, қимыл мен эмоция үйлескен қойылым көрерменді Мұқағалидың рухани кеңістігіне жетелей түсті. Әсіресе, ақынның аяулы қызы Майгүлден айрылған тұстағы жан азабы, қыршың кеткен гүліне деген сағынышы жүректерді сыздатты. Аталған автобиографиялық спектакльде көрерменге ой салуға, шын дарынды бағалауға, өнердің киесін түсіндіруге басымдық берілгені байқалады. Бірақ бір нәрсе айдан айқын, ол – Мұқағали поэзиясы. Таратып айтсақ, жаныңа жақын, жасандылықтан аулақ сөз маржаны. Есі дұрыс пенде баласына түгел түсінікті философиялық түйіндер мен тұңғыш тұжырымдар, жер мен көкті тұтастырғандай шалқар шабыт дариясы. Ақын қашанда жалғыз, өлеңімен оңаша қалуды жаны сүйеді. Алайда алабұртқан көңілі көкжал толқынша жарқабақты қабардай шарқ

де Мұқағалидан табуға болады. Бұл қойылым – соның бір ғана қыры. Біз бұл қойылымды 45 минутқа сыйдырдық, сондықтан Мұқағалидың бар болмысын толық ашып тастадық деп айта алмаймыз. Дегенмен небәрі 45 жыл ғұмыр кешкен Мұқағали өмірден өткеннен кейін де киноға арқау болып, спектакльдер мен әдеби кештерде насихатталып келеді. Оның мұрасы ешқашан таусылмайды, қайта уақыт өткен сайын тереңдей береді. Қонаев қалалық Жастар театрының тұсауы кесілуінде маңызды рөлді ойнағаныма тебіреніп тұрмын», – дейді акын бейнесін сомдаған актер



Қуаныш Құдайбергелі

ұрып дос іздейді, сырлас, мұңдас тапқысы келеді. Автобиографиялық спектакльде жанартаудай сезім иесінің жан жұмбағы жасырылған тұстар да аз емес екені аңғарылады. «Спектакльден гөрі, мұны поэтикалық қойылым деп атаған дұрыс. Бұл жерде мен өзімді Мұқағалидың нақты образында жүрмін деп айта алмаймын, өйткені тақырыптың өзі – сырласу, негізгі мақсаты – Мұқағалидың жандуниесін жеткізу. Мұқағали поэзиясының тереңдігі шексіз. Не іздесең

жастар театры ұжымына Қонаев қаласы әкімінің ықылас гүлі тарту етілді. Ал қалалық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Абылайхан Мұстафа Жастар театрының жаңа қойылымдарымен толығып жатқанын, алда облыс орталығының тұрғындарына жаңа спектакль тарту ететінін жеткізді. Бір сөзбен айтқанда, Мұқағали Мақатаевты еске алып, оның өшпес көркем мұрасын жастарға насихаттауды мақсат тұтқан театр ұжымы көрермен қауымға әдемі кеш сыйлады.

Қонаев қаласы

● 18 МАМАҒЫР – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МУЗЕЙЛЕР КҮНІ

Тұлғаларға тағзым



Жамбыл ауданында «Мәңгілік тұлғалар» атты халықаралық музейлер фестивалі өтті. Жыр алыбы Жамбылдың 180 жылдығы мен Халықаралық музейлер күніне арналған шараға еліміздегі облыстардан 8 және Қырғызстаннан 1 тұлғалар музейі қатысты. Соной-ақ Көкшетаудан Мәлік Ғабдуллин және Ақтөбеден Әлия Молдағұлова музейлері қонақ ретінде келді.

● Серік САТЫБАЛДИЕВ

Жамбыл ауылындағы Ж.Жабаевтың әдеби-мемориалды музейінде өткен фестиваль аясында музейлердегі құнды жәдігерлерден көрме ұйымдастырылып, келушілер назарына ұсынылды. Салтанатты шараның ашылу рәсімінде Жамбыл ауданы әкімінің орынбасары Ақниет Тұматаев құттықтау сөз сөйлеп, Сүйінбай мен Жамбылдай жыр дүлдүлдері туған киелі өңірге келген қонақтарға алғыс білдірді. Ол бүгінде ақындар мен батырлар мекенінде жүзеге асып жатқан рухани-мәдени шараларға тоқталды.

Облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының бөлім меңгерушісі Абзал Суфисламов еліміздің бірегей тұлғаларының есімін иеленген музейлердің Жамбыл жерінде бас қосып, тарихтан сыр шертер мәдени ошақтар жұмысының насихатталуы – ұлттық құндылықтарды ұлықтаудың жарқын көрінісі екенін тілге тиек етті.

Фестиваль үш кезеңде өтті. Тұлғалар музейінің өкілдері театрландырылған қойылым арқылы тарихи тұлғалардың өмірі мен қызметінен үзінді ұсынып, ұлтқа сіңірген еңбектерін ашып көрсетті.

Фестиваль қорытындысында Бас жүлдені Сәкен Сейфуллин музейі жеңіп алды. Бірінші орын Қырғыз еліндегі Тоқтағұл Сатылғанов музейіне берілді. Жетісудағы Илияс Жансүгіров музейі екінші, Алматы қаласындағы Ғабит Мүсірепов музейі үшінші орынды алды. Ал «Үздік экспозиция» номинациясымен Ғали Орманов музейі марапатталды. Сол сияқты «Үздік стенография» және «Үздік образ» аталымы бойынша «Абылай хан» резиденциясы, Кенен Әзірбаев және Мұхтар Әуезов музейлері жүлдегер атанды.



Жамбыл ауданы

● ТУРИЗМ

Көшпенділер әлеміне саяхат

Алматы облысындағы ерекше туристік нысандардың бірі – «Көшпенділер қаласы» соңғы жылдары қарқынды дамып, саяхатшылар көп баратын орынға айналып келеді. Тарихи-этнографиялық сипатымен ерекшеленетін кешен қазақ халқының көшпелі мәдениеті мен көне тұрмысын таныстыруға бағытталған. Табиғи ландшафтпен үйлесім тапқан қалашық өткен дәуірді көз алдыға елестетеді.



● Тоғжан ЖОЛДЫҒАЛИ

Бұл нысан алғаш рет 2005 жылы «Көшпенділер» фильмі түсіру мақсатында салынған. Кино түсірілімі аяқталғаннан кейін қалашық бұзылмай, туристік бағыт ретінде сақталып қалды. Бұған дейін «Қазақфильмнің» қарауында болған кешен 2025 жылдан бастап Қонаев қаласының коммуналдық меншігіне өтті.

Туристік ақпараттық орталығы туризм және инвестиция бөлімінің басшысы Фариза Сиқымбаеваның айтуынша, 2026 жылы нысанды дамыту аясында жаңғырту жұмыстары жүргізілген. Аумақ толық тазартылып, санитарлық жағдайы жақсартылған. Сонымен қатар туристердің қауіпсіздігі үшін медициналық пункт пен полиция қызметкерлеріне арналған арнайы орын ашылып, автотұрақ пен коқыс жәшіктері орнатылған. Келушілерге қолайлы жағдай жасау мақсатында биодеретхана қойылып, тазалық талаптары күшейтілген.

Қазіргі таңда кешенге кіру бағасы ересектер үшін – 1500 теңге, балаларға – 1000 теңге. Ал 5 жасқа дейінгі балалар мен мүмкіндігі шектеулі азаматтарға кіру тегін. Зейнеткерлерге арнайы жеңілдіктер қарастырылған. Туристер үшін қосымша демалыс қызметтері де ұсынылады. Олардың қатарында атпен және түйемен серуендеу, ұлттық тағамдардан дәм тату, фотосессия жасау және қайықпен саяхаттау бар.

Қала маңындағы қысқа қайық бағыты 8000 теңге болса, Танбалы тасқа барып-қайту құны – 15 мың теңге. Өзен жағасына орнатылған үлкен әткеншек те келушілердің қызығушылығын арттырып отыр.

Соңғы мәлімет бойынша, мұнда жылына шамамен 10 мыңға жуық турист келеді. Бұл орын, әсіресе, шығармашылық ұжымдар арасында сұранысқа ие. Мұнда түрлі бейнебаян мен тележобалар түсіріледі. Был Наурыз мерекесі де осы аумақта ұйымдастырылып, екі күн ішінде 3500-ге жуық адам демалған.

Қалашыққа арнайы барып келген Анатолий есімді турист бұл жердің ерекшелігіне тәнті болғанын айтады.

– Мен Қазақстанның табиғаты мен тарихи орындарын көп араладым. Бірақ «Көшпенділер қалашығының» атмосферасы мүлде бөлек екен. Өзінді шынымен көне дәуірге тап болғандай сезінесің. Әсіресе Іле өзенінің жағасындағы көрініс пен ұлттық нақыштағы декорациялар ерекше әсер қалдырды. Мұнда тек демалып қана қоймай, қазақ халқының мәдениетін тереңірек тануға болады, – дейді ол.

«Көшпенділер қалашығында» қауіпсіздік мәселесі де назардан тыс қалмаған. Қазіргі уақытта аумақта өрт сөндіру құралдарын кезең-кезеңімен орнату жұмыстары жүргізілуде. Сондай-ақ былтыр салынған жаңа жол туристердің нысанға жетуін айтарлықтай жеңілдетті. Алдағы жоспарлардың бірі – Іле өзені арқылы Танбалы тас пен «Көшпенділер қалашығын» байланыстыратын жаяу жүргіншілер көпірін салу. Жоба жүзеге асса, аймақтың туристік әлеуеті жаңа деңгейге көтерілімек.

АЛАТАУ арайы

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі
Меншік иесі: «Өлке тынысы» ЖШС

Директор:
Ерлан ЖҰРЫНБАЕВ

Бас редактор:
Қуаныш ТҰНҒАТАР

Бас редактордың бірінші орынбасары:
Алма ЕСЕНБАЙ

Бас редактордың орынбасары:
Болат МӘЖИТ

Жауапты хатшы:
Шолпан НҰРЖАУОВА

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Жамбыл ауданы – Серік САТЫБАЛДИЕВ	8 701 254 97 55
Қарасай ауданы – Қуат ҚАЙРАНБАЕВ	8 701 347 60 32
Талғар ауданы – Құтмағамбет ҚОНЫСБАЙ	8 702 488 56 12
Еңбекшіқазақ ауданы – Қуралай МҰРАТҚЫЗЫ	8 700 573 30 11
Ұйғыр ауданы – Анар ДҮЙСЕНБАЙҚЫЗЫ	8 702 213 95 83
Райымбек ауданы – Жұмабек ТҰРДИЕВ	8 777 029 45 22
Кеген ауданы – Дәурен ӘБУТЛІПОВ	8 777 218 63 25
Балқаш ауданы – Алтынай СЕЙІТКЕН	8 747 790 70 28

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Жайһар АМАНГЕЛДИЕВА	8 708 210 95 71
alatau_jarnama@mail.ru	8 747 688 17 41

Жарнама, хабарландырудың мазмұны мен мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газет облыстың бөлінуіне байланысты жаңадан тіркеліп, 2022 жылдың 3 қыркүйегінен Қонаев қаласынан шығады

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді

«Алатау арайы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек

Газеттегі кейбір суреттер ғаламтордағы ашық дереккөздерден алынады

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2024 жылы 2 ақпанда қайта тіркеліп, № KZ22VPY00086933 куәлігі берілген.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы – Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Қонаев қаласы, Достық көшесі, 1.
Тапсырыс – 472

«Өлке тынысы» ЖШС баслымдарының жалпы таралымы – 12 000, оның ішінде, «Алатау арайы» газетінің осы шығарылымының таралымы – 7 823. Индексі – 64792.

Кезекші редактор: Ерзат АСЫЛ